


Алма ТҮСІПБЕКОВА

Жанарымдағы
Жазулар



Алма Түсіпбекова



Жанарымдағы
жазулар

Осы кітабымды асыл әжем
Ақбөпе Бәйтенқызының
рухына арнаймын.

-автор

«Мерей» баспасы
Алматы, 2015

88885800

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84(5Қаз)-5
Т90

Түсіпбекова А.

Т90 Жанарымдағы жазулар: /Алма Түсіпбекова.-/
Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 144 бет.

ISBN 978-601-7478-27-8

Ақын Алманың бұл жинағы «Жаныма жылы ағыстар», «Ақиқат алаңында», «Жүректегі жазулар», «Арнау асуында», «Сезім иірімдері» деген бес бөлімге бөлінеді. Ол қай тақырыпты өлеңге өзек етсе де айшықты ой, бейнелі образ, шұрайлы тілмен диттегеніне жеткізе біледі.

Кітап жырсүйер көпшілік оқырманға арналған.


ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)-5

ISBN 978-601-7478-27-8

©Түсіпбекова А.2015
© «Мерей» баспасы, 2015

ЖАНЫМА ЖЫЛЫ

ағыстар



ҰЛЫТАУДЫҢ ҚЫЗЫМЫН, ҰЛЫТАУДЫҢ...

Қыран үні үзілмес аспанында,
Ұлар үні әлі бар асқарында.
Ұлытаудың қызымын, Ұлытаудың,
Таңбасы бар тарихтың тастарында.

Құлақ салсаң өткеннің өкпегіне,
Араласар қасірет көк деміне.
Сұрланды да бір сәтте сайын дала,
Аңызағы Арқаның кетті егіле.

Батырлары ержүрек, жау түсірген,
Ақындары, қара өлең салты сіңген.
Тау мінезді қашаннан ұл-қыздары,
Санаспаған тағдырдың талқысымен.

Мұңы сіңген мезгілдің ауырында,
Замананың зар сіңген дауылында.
Ұран болып ұлысқа Ұлытауым,
Басын қосқан үш жүзім бауырында.

Өткен ол күн.
Шаттығым шарқ ұрғалы,
Асқақтады қазақтың алтын-бағы.
Тәу етеді етекте бәз біреулер,
Ал Ұлытау тәкаппар қалпында әлі.

Ал, Ұлытау, тым асқақ, биік әрі,
Ақ сәлдесі бұлттарға тиіп әлі.
Асқақтықтың танытып шын үлгісін,
Жақсылық боп жаныма құйылады.

Шаттығымды тонап ап ұры мұңым,
Құлағыңа жеткенде құлын үнім,
Дем бересің-көмекке сен келесің,
Ұлытауым, қолдайды ұлылығың.

Бала шағым, шаттанар, көп күлімдер,
Бауырыңда тізіліп өтті күндер.
Өн-бойымда бар болса қасиетім,
Ұлытаудан дарыған деп біліңдер!

ӨЛЕҢІМ ӨМІР-ӨРКЕНІМ

Өлеңім — өмір өркенім,
Отына оның өртендім.
Жаныма жалау боласың
Кестедей тіккен көркемім.

Шабыттың шертіп пернесін,
Кеудемді өлең кернесін.
Басқа емес, басқа тек жалғыз,
Аққу ән мені тербесін.

Көктемі туса көңілдің
Жайнап бір кетер өмірім.
Өшпейді бір от кеудемде —
Өлеңге деген сенімім.

Таттым ба бақыт бал дәмін,
Алданып кейде қаламын.
Бұлағын іздеп өлеңнің,
Ой — қырын кездім даланың.

Деді Дүние: «қадірімді білсе кім,
Қабіріне қоямын мен гүл шоғын».
Мақтаңды Аспан: «мың сан шырақ жақтым» деп,
«Бақытыңды сол арқылы таптың» деп,
Махаббат та сонда былай уәж етті:
«Адам үшін тек мен ғана қажетпін».
Ақырды Ажал: «болма, — деп, сен босқа алаң,
Өміріңнің қайығын мен басқарам».

Рабиндранат ТАГОР

Өмір — осы, алды — жөн, соңы — мұңды,
Толқытады теңіз боп көңілімді.
Дүр-дүние ілесіп дүрмегіне,
Жалау етіп жүрмін бе өмірімді?

Тұлғаларын қай қоғам елеп еді?
Тышқан — тірлік
Кемірген керегені.
Алақанда ұстаған алты Алашын,
Абыздарым біздерге не деп еді?

Сырды бүкпей жүрсең де тағылымды,
Біле алдым ба, дүние, қадіріңді?
Паңданамын несіне, пенде басым,
Гүлге орандай біреулер қабірімді...
Шараяғын ұсынбай шалқар үміт,
Аспаным тұр төбемде аңтарылып.
Көкке көзін сатады көлеңкеде,
Қарагерім кермеде қаңтарылып.

Аспан, аспан!
Сен жаққан шырақтардан,
Сәуле көргем...
Бүгінде жырақ қалған.

Киік-көңіл шөліккеп су іздейді,
Бырышып тұрған батпағы бұлақтардан.
Саған, аспан, ұқсайтын сарай бар-ды,
Жүрегімде...
Ол бірақ құлап қалған.
Шырақ-сәуле тұрады менің үшін
Жауапсыз сан мың түрлі сұрақтардан.

Бақыттының түр еді атап атын,
Мені көріп тіл қатпайд махаббатым.
«Бақ қонғандар» тізімін қарасам ба?
...Зауқым жоқ тақалатын...

— Қақпа қаққан Ажал ма?
Айтады не?
— Ә, солай ма...
Кейіндеу қайтады де.
— Тостағаның қандай ед қолыңдағы?
— Талқан толы және өзі... жайпағы де...

*Мен әлі күнге дейін Абайды түсіне алмай
отырғанымызға қуанамын. Өйткені, Абайды түсінген
күні қазақ ұлтқа айналады.
Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ*

ҰЛЫ АБАЙ ЖАТ ҚАЗІР ҚОҒАМҒА

Түсінбе!
Түсінбе!
Түсінбе!
Үңіліп қайтесің сырына?
Адам боп қалуың үшін де,
Жетеді қансаңыз жырына.

Қам жеген — қазағы, ұлты үшін,
Соқпақсыз жерде өскен сол ақын.
Келешек келбетін, түр-түсін,
Алашқа айтпақшы болатын.

Ертеңнен елеске жақындау,
Ал, Алаш..
Қайтеді ақылды?
Қазаққа қашаннан ақыл — жау,
Көзіне ілмейді ақынды!

Ұлт едік ұлыны ұқпайтын,
Қанымда қасиет сондай-ды!
Жаным бар, шық десе шықпайтын,
Пейілім ертеңге қол жайды!

Хакімім, ұлы Абай!
Алыстың тіріңде мыңменен.
Ібіліс жайлаған тұла бой
Қадірім тең қазір мүрдемен!

Бойламай түбіне жүректің,
Санама сіңірдім сұмдықты.
Гүлдеген үмітті күл еттім,
Төріме шығардым құлдықты.

Орамыз — кесірлік (еккенді),
Жан-жағым сорайған дар-ағаш.
Жалғандық бүгінде шекпенді,
Ар ғана жалаңаш.

Тіл мен дін, діліміз — үш ұршық,
Ұлы Абай
Жат қазір қоғамға.
Түсінсек, қаламыз кісімсіп,
Түсінбей жүрейік одан да!

ДАЛА, МЕНІ ҚҰШАҒЫҢА АЛ...

Төзген өмір дауылына,
Басшы мені бауырыңа.
...Жетсем екен сағым болған
Бала шақтың ауылына.

Дұға қылып сан атыңды,
Алыстатқам қара түнді.
Дархан дала! Сен емдеші,
Құзғын қиған қанатымды.

Қаулап қырдың қияқтары,
Көңілімнен күй аққаны...
...Бүтіндеуге келеді ме,
Тұлпарымның тұяқтары?

Қалықтайын, көкте бір күн,
Көркін қара, көктемімнің!
Өзегімнен суырып ал,
Өксік үнін өткенімнің.
Кезетұғын үнім ғарыш,
Құлын кезім...
Құлын-жарыс.
Қаракеңгір, қасқая аққан,
Алып кетші, мұңымды алыс!..

Кәне, мені күлдіргенің?
Бұлдыр-үміт. Бұлдыр белім.
Кермек-күнге қарсы қоям,
Ұлытаудың бұлдіргенін!..

Төздім тағдыр дауылына,
Басшы мені бауырыңа.
...Кетем ертең ертелетіп,
Аруана-ауылыма!..

ҚАРТ СӨЗІ

Бабам берген сыбағаға-
Барқыт белдер, құба дала.
Қадіріңді (қайтсем екен),
Сезеді ме, мына бала?

Сенде тамған кімдік қаны,
Мына мұндар мұңды ұқпады.
Сан айтсам да сарнап күнде,
Санасына «шыр» жұқпады.

Қарға жеген- жерігіне,
Не дейін мен келіме?
Құныс па өзі?.. Немерем жүр,
Ақ тимеген ерініне.

Тұғырына қыран қонған,
Қайран күндер! Жыр-ән болған.
...Қайыр бар ма, төрт түліктен,
Ноқта көрмей, құлан болған?

Қайран жастық! Күнім ерен,
Кеткенің бе, шыныменен?
...Бос қораға байғыз қонып,
Сұңқылдады түніменен.

Қалмай адам сұсы-биік,
Тұла-бойым ысыды, ұйып.
Құдайы жоқ мынау үйде,
Болып барам кісікиік.

Болып жатса айман-айым,
Қалай ғана жайланайын?..
...Ит те безіп кеткен үйге,
Соғып кетші, айналайын!..

ҰРПАҒЫНА БОЛСА ДЕЙМІН АМАНАТ!

Ашық әр кез алқаракөк аспаны,
Шежіресі шер жамылған тастағы.
Батырлығы мирас болған балаға,
Баба рухы — елдігімнің асқары.

Дұшпандарын әрі асырып сан қырдан,
Ерлігімен Алты Алашты таң қылған.
Бабаларым өр еді ғой шетінен,
«Ел жолыңда, — деп айтатын жан құрбан».

Найзасымен түйрейтұғын кесірді,
Қашаннан-ақ сесі үлгі.
Өтті өмірден Қаракерей Қабанбай,
Сөзі менен ісі өркез кесімді.

Ел мен жердің әдемі әнін шырқат та,
Кесірлікке кебін кигіз, тіл қатпа.
Дұшпанына бөгет болған Бөгенбай,
Батылдығын қалдырыпты ұрпаққа.

Туған елге төнген кезде қан-құрық,
Ерлігімен кетті жұртты таң қылып.
Нау тұлғалы Наурызбайдың ерлігі,
Санамызға жазылған-ды мәңгілік.

Наркескенін суырған да қынаптан,
Бабам солай дұшпандарын сұлатқан.
Дат баласы Сырым шықса атойлап,
Қаһарланған үні қалар құлақта.

Жер бетінде естілмесін жаманат,
Аман болсын, алтын құрсақ қағанат.
Бес қарулы бабалардың ерлігі,
Ұрпағына болса деймін аманат!

...Сергек екен, сергек екен санасы,
Көңілінде жоқ-ау, сірә, наласы.
Баба ерлігін аманатқа алғандай,
Анау тұрған еркін елдің баласы.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ ПОРТРЕТІ

Ізгілік деп жүретін, сірә, дәйім,
Шапағат пен мейірге тұнады ойым.
Мен — қазақтың қызымын!
Көз сал, әлем,
Қасиеттен жаралған тұла бойым.

Көңіл сыйған жерге елді сыйыстырып,
Көлденеңге көрсетпей қиыс қылық.
Ақ жаулығым — анты боп адалдықтың,
Ұмай болам, ұлтымды ұйыстырып.

Рухымнан даналық күші ағыла,
Ақ пейілім ақ құс боп ұшады да.
Ұлт анасы — Домалақ анамын мен,
Қалың елді қаусырған құшағына.

Қариядан естіген кеңес-үлгі,
Мұрат етіп көрмегем егесіңді.
Мен — Мәншүкпін, сұрмерген Әлиямын,
Жауыздыққа атылған жебе сынды.

Қуат алғам — салтымнан, үлгі-әдеттен,
Бас иеді тәкаппар шыңдар өктем.
Мен — Ләззатпын, Еркіндік қарлығашы,
«Желтоқсанда» өз жанын құрбан еткен.

Нәзіктіктің киелі келбеті едім,
Қадір тұтып, артамын ерге сенім.

Бір қолыммен тербетем ақ бесікті,
Бір қолыммен әлемді тербетемін.

Тұрам әр кез арымның асқарында,
Жүрегімде орын жоқ басқа мұңға.
Мен — қазақтың қызымын, көз сал, әлем,
Даналығы — нәзіктік астарында,
Даралығы — нәзіктік астарында...

ОҒЫЛАНДЫ ОТҚА САП ОТЫЗ ЖЕТІ...

Құсаланып көңілдей құба белім,
Қайғы жұтып, ішінен тынады елім.
Оғыланды отқа сап отыз жеті,
Орға жықты рухтың Құлагерін.

Қарық болып көрмеді-ау қағанағым,
Запыраны ішімде замананың.
Саясаттан көрмедім сұрқияны,
Анық байқап, арысты қанағанын.

Нәумез күннің бейдауа наласынан,
Ине жұтқан иттей боп аласұрам.
Аттарыңды атауға қорықты елім,
Шыға жаздап көздері шарасынан!

Серпілсін деп басынан түнегі елдің,
Ерте ояңдың.
Ту алып түрегелдің.
«Жаусың» деді жандайшап кісен салып,
«Ел үшін ғой» дедің де... жүре бердің!

Шайқалумен шерлі елдің шаңырағы,
Қасиеттің қамбасы қаңырады.

«Ерім» деді Есілің егілумен,
Ақ Жайығың аһ ұрып аңырады.

Басқа түсіп тағдырдың сан сүреңі,
Адалдықтың өртенді шамшыл өңі.
Арыстарын жоқтаумен аспан құлап,
Үгітілді құм болып тау сілемі.

ОРАЛМАСЫН ҚЫРЫҚ БІР

Керуен күндер тізіліп,
Арман үміт үзіліп.
Сонау шаттық күндерді,
Әкеткен мыстан күз келіп.

Түндікті керіп қасірет,
Бос тайлақ келді сан рет.
Отбасының өшіп қызуы,
Оранған талай ақырет.

Сонау да сонау қырық бір,
Ғаламда мәңгі ұлып тұр.
Бауыры бүтін күндердің,
Аузында әлі құлып тұр.

Тірлік толқын теңселген,
Ұрпақ үшін белсенген.
Текті туған бөрікті ұл,
Ерлігіңе ел сенген.

Сап түзеген жауынгер,
Ел қырағы, дауылды ер.
О, жасаған тәңірім
Еліме ырыс жауын бер.

Оралмасын қырық бір,
Зұлымдықты сырып кіл.
Көгершінім көктегі,
Ей, атар таң, күліп кір.

ЖЕР ШЕРІ

Атауым бар — ЖЕР деген,
Тіршілікті мейіріммен емдеген.
Кей кездері аялаймын мен оны,
Кей кездері безе қашам пендеден.

Адамзаттың аялаумен ақ таңын,
Жомарттықтың жыр-дастанын жаттадым.
Тарих дейсің, шығып алып мінбеге,
Тарих жайын мен айтайын жатқа мың.

Шуақ нұры алыс қашып көктемнің,
Өкпегіне мойныңды бүр өткеннің.
Тектілердің үні естілер тереңнен,
Олар үшін тебіреңдім, кектендім.

Есімдері мақтаньшпен аталған,
Орын алған мәңгіліктен, қатардан.
Мәңгілікке атың кетті сендердің,
Елім деген, жерім деген қаһарман.

Арпалысып арланша,
Ел, жер үшін қасық қаны қалғанша.
Ерлеріме етігімен су кешкен,
Айып па екен таң қалса?!

Өз басынан биік қойып мұратын,
Ар-ұятты биік санап тұратын.

Тербетемін рухыңды мен сенің,
Айналайын, ұлы ақын!

Ал, біреулер...
Тірмізік те, тіміскі,
Тірлігінің толайымы-жымысқы.
Арбалап-ақ тасығанмен алтыңды,
Күпене ғып жинаса да күмісті.

Қоғамдағы кесірліктің құнысы,
Алдау болды, арбау болды — жұмысы.
Із қалмады атағы мен байлықтан,
Таңдауы да — мұнысы.

Жүрегі де, тілегі де — қара түс,
Ар отына жана түс!
Қара ниет терістігін ұқтырып,
Қорымында қонып отыр қарақұс.

Зеңгір көкте қалықтасын тек қыран,
Өзімді ұғын, сөзімді ұғын, текті ұлан.
Тоқсан толғау шежірелі төсімде,
Арыстарым асыр салса деп тұрам!

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ТІЛДЕСУ

Бабаларға арман болған нар мүсін,
Осы шығар Алла сыйы, алғысым.
Бодандықтың бұзып өткен бұғауын,
Тәуелсіздік, армысың!

Қайнағанда намысым,
Атқа қонғам сенің үшін, ар үшін.
Еркіндікпен еңсем, міне, тіктелді,
Әлем мені танысын!

Тарихымның шер жамылған парағын,
Өзің аштың, еркіндігім, дара күн.
Өткен өмір жас алғанда көзіне,
Еркіндігім, өзің сұрттің жанарын.

Қаратаудың биігінен көш құлап,
Қатал тағдыр қабырғамнан осқылап.
Қиналса да қайран елім, қазағым,
Келер күннен тосты бақ.

Жағасына жармасып ап жалғанның,
Ел едік қой, дүбірлерді салған мың.
Тәуелсіздік — киемді алып түн қатып,
Ақ құсы кеп қонған еді арманның.

Еркіндігім!
Елтіп айтар ертегім,
Көңілімнің қыл қобызын шертемін.
Өзегіне өксік толған қазаққа,
Әкелдің-ау, дерт емін.

Танышы, әлем, ұрпағымын Бөрінің,
Қасиеттің басқам талай көрігін.
Ізгіліктің бастауында тұратын,
Тәуелсіздік — зор ұғым!

Сен әкелдің елдікті,
Сен әкелдің басқалармен теңдікті.
Қуанышым сыймағанда бойыма,
Бойлап кетем ендікті...

Өзгелердің тіке қарап көзіне,
Өзгелерді сендіремін сөзіме.
Жүрегіме жалын берген бір өзің,
Қуат берген өзіме.

Алып келдің рухым мен иманды,
Жаратқанға бар болмысым иланды.
Күш-ағынға толып менің нар тұлғам,
Құшағыма барлық әлем сыйған-ды.

Алып келдің теңіз сынды тілімді,
Алып келдің ділімді.
Ұлдарымыз ер мінезді шетінен,
Қыздарымыз бұрымды.

Шаттығыма қызығады шартарап,
Төрімізге сені оздырдық алқалы-ақ.
Тәуелсіздік, тәу етейін өзіңе,
Мәңгіге құр САЛТАНАТ!!!

ОСЫ-БІЗДІҢ КИЕЛІ, ҚАРАША АУЫЛ...

Жақсы ісіңнен бойына тараса нұр,
Атар таңмен өсетін таласа гүл.
Ошағынан оты өшіп көрмеген ел,
Осы біздің киелі, қараша ауыл.

Абызы-қарт, жаны қас аласаға,
Екі етпейді айтқанын бала-шаға.
Қарияны тыңдамас ел емес-ті,
Бұл ауылға оңдай салт жараса ма?!

Жаратқаным сый берген бесігіне,
Ақ шуақты жаратқан несібіне.
Біздің ауыл — сенімнің шырағындай,
Құлып салып көрмеген есігіне.

Бір мұң жатыр жүректі үңгіп, тегі,
Сенде тудық.

Бірақ біз білдік нені?
«Ауыл жылы» айналып өтіп кетіп,
Төрт түлік боп қалыпты тірліктері.

Ауылым-ай, пейілі даласындай,
Анадайын, бар адам баласындай.
Қаракеңгір — өзені қасиеттің,
Жазып берсін жаныңның жарасын қай?!

Соғылдым ба, тірліктің сан қырына,
Қияға ұрған құлашым талды мына.
...Сырып тастап санадан сан ойларды,
Еркелеп бір аунасам шалғыныңа...

ҚҰЛЫНЫҢМЫН МЕН ӘЛІ, СҮЙІКТІ ЕЛІМ...

Аналардың кір шалмас ары сыңды,
Құм қайраққа жанып ап намысымды.
Мен де келем дүние дүрмегінде,
Жақындатып көз жетпес алысымды.

Қабағына қарамай күлшелінің,
Әділдікке кезіксем, күрт ерідім.
Табасына төменнің қарамадым,
Жағасында тұрып ап жыр селінің.

Тіршіліктің маңызын гүл ұқтырып,
Содан кейін тексізге күліп тұрып.
Желкен еттім жанымның қайығына
Жүрегімді,
Бар жайды ұмыттырып.

Өр мінезін таныту керек, білем,
Ашық теңіз, дауылдан өректіген.

Қалтылдайды жанымның қайығы әлсіз,
Қарулыдан тілейді медет кілең.

Жауып тастап жанымның сан сұрағын,
Көк дөненін көңілдің қамшыладым.
...Көңілшектеу екенсің, зеңгір аспан,
Көз жасым боп биіктен тамшыладың.

Қарамастан ешкімнің табасына,
Жабысып ап тағдырдың жағасына.
Кішіліктің қол создым көзесіне,
Кісіліктің көз салмай сабасына.

Осы сәтте, бейне бір қас-қағымда,
Бір құбылыс ойнады аспанымда.
Найзағай кеп жаныды намысымды,
Қыран ұшқан қияға бастады да.

Көңіл шіркін дейтіндей «ту ұстайын»,
Ал, жігерім қылпылдап қылыпшайын.
Желегімен желпиді жайдары жаз,
Еске алғызбай өткеннің құныс жайын.

Сілкіп тастап тірмізік тірлігімді,
Шыңға апарып сүйедім шындығымды.
Үміт-айым оңынан туған екен,
Ұмытайын мәңгіге мұңды күнді.

Баяу ғана бастарын иіп белім,
Жігерімді ту етіп биіктедім.
Ұры-мұңның қашаннан қарсыласы —
Құлыныңмын мен әлі, сүйікті елім...

«Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы туралы айтса да,
көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді.

БЕЛИНСКИЙ

Жалына жармастым шындықтың,
Кегімді кетірмей басқаға.
Түн келді, түнменен мұң жұттым,
Нәзіктеу жанымды жастана.

Жайдары жазбенен қалды арман,
Күз күні, алтындай атырап.
Қалықтап құлайтын талдардан,
Жанымды ұғады жапырақ.

Елеске алданған ертеңгі,
Ұғатын жан бар ма жанымды?
Әуенім-көңілсіз, келте үнді,
Қыздырмай, ұйытар қанымды.

Көшеде, көпірдің үстінде,
Келемін жан таппай тілдесер.
Меңдей жан әрдайым түсінде,
Тәңірімен тек қана тілдесер...

Түнімен тілдестім.
Таңды ұрдым,
Сұрланып реңім.
Күлші, — деп өтінді жан құрбым,
Несіне, білмеймін, күлемін?

Не дейін өктемдеу өмірге,
Дүмбілез қоғамға.
Кеңдігін сыйлаған көңілге,
Кетсем бе далама, одан да?!

Бастады азаннан базарын,
Шуылдап анда, эне, көп қарға.
Айтпақшы ғашықтық ғазалын
Сезімі жоқтарға.

Тұра алман мен мұнда тұрақтап,
Бұлдырап бет алған бағытым.
Жанымды сыздатар сұраққа ап,
Келеді тағы түн...

ТЕКТІЛІККЕ СЕРІК БОЛ

Сен тыңда, ұлым!
Жұмыр жердің бетінде,
Қасқыр құдай болғанда.
Қасиет пен тектілік,
Қасқырға кеп қонғанда.

Өр кеудесін өзінің,
Бастырмады басқаға.
Жалынын-ай, көзінің,
Көрген емес жасқана.

Тартысқанда табаңды,
Кие қонған бөрі анам.
Еміздіріп бабамды,
Мейірімге ораған.

Қасқыр емген өр бабам,
Мәрт болыпты қасқырдай.
Жауар бұлттай торлаған,
Тынбай жауды басқа ұрмай.

Тәңірісі — көк аспан,
Еркіндікті сүйіпті.

Қасқырлардан жоқ асқан,
Тектілікті ішке түйіпті.

Айлы түнде ұлыпты,
Болмай оны жан ұққан.
Салып азу-құрықты,
Бөрілігін танытқан.

Сан ғасырға жететін,
Сырын оның жаямын.
Шайнап тастап кететін,
Қақпан түскен аяғын.

Әлсіздікпен қас еді,
Тікірейіп түктері.
Тектіліктің әсері,
Қайсар еді, мықты еді.

Қасиетін қасқырдың,
Дарыта біл бойыңа.
Тексіздігін басқа ұлдың,
Ала көрме ойыңа.

Соқса-дағы берік бол,
Қатал тағдыр бұрқағы.
Тектілікке серік бол,
Көк бөрінің ұрпағы!

ҚАРАҒАНДЫ ҚҰТ МЕКЕНІ ДАЛАМНЫҢ

Тарихы бар шежірелі даламның,
Қарағанды- құт-мекені жаранның.
Үңіліп көр өткеніне бір сәтке,
Қойнауынан көмір қазған қаламның.

Талай жылдар бастан кешкен азапты,
Төрге қарай оздырмаған тозақты.
Көсегесін гүлдендірген жерімнің,
Қарағанды-мәрттігі бұл қазақтың.

Қия шыңға қыран қанат қомдаған,
Туған елге сағынышын жолдаған.
Бұл өлкеде Сәкен сынды саңлақтар,
Шырғалаңнан шындық іздеп самғаған.

Тас мүсіндер ертегі емес қалқыған,
Абыз әлем көкірегіңе нәр құйған.
Шежіренің басып көрсең пернесін,
Бесігінде нұрлы өлкемнің шалқиды ән.

Қасиетті киелі жер-желкенім,
Өзіңменен гүлденеді ертеңім.
Жырың менен сырларыңды күй қылып,
Болашақтың керуеніне шертемін.

Жұмыр жердің бедерінде-даңқың бар,
Келер ұрпақ шежіренді сан тыңдар.
Қазағыңа бақ сыйлаған бедерлі,
Тереңінде тағылымың жарқылдар.

ТЕКТІЛЕРДІҢ ТҰҒЫРЛЫ ЖЕР- МЕКЕНІ

Өне-бойы жаратылған жасыннан,
Айрылғанда ақынынан-Қасымнан.
Шайтанкөлде шашын жұлып пері қыз,
Тұншықты елің қасіреттің жасына.

Жырларыңның жығылмастан желкені,
Тектіліктің талай сырын шертеді.
Қарқаралы саумалап ап сақалын,
Өзің жайлы айтар аңыз, ертегі.

Шетке теуіп тағдырыңның наласын,
Қара өлеңмен тапқан едің жарасым.
Адалдықты ту қып, барлық ұрпақтың
Сауықтырдың санасын.

Тура жолдан ешқашанда таймаған,
Қасым ақын!
Өзіңіздей қайда адам?
Жырларыңды жұлдыздарға теңеп жүр,
Қалың қазақ-қайманаң.

ЗАМАНЫМНЫҢ ТЫНЫСЫ

Секілденген бейне бір қара шыбын,
Тірмізіктеу тірліктің наласы-мың.
Мыстан-уақыт әлі жүр үй айналып,
Аузын тырнап жанымның жарасының.

Қойып алып өзіне ерен есім,
Кергілейді ол көңілдің керегесін.
Қорқау-уақыт өзінше қорқытады,
Тастаймын деп тағдырдың жеребесін.

Күрең-күн түр төбемде қара басып,
Шұғыла жүр тексізбен араласып.
Сайқал-үміт шалықтап көшеде жүр,
Терезеден қарайды бала ғашық.

Киік күндер, жаралы тұяғынан,
Түк шықпады аңсаған қиялымнан.
Бақилыққа жаралған пендеміз ғой,
Сақта, тәңір, кесапат-зияныңнан.

Мазамды алды-ау маусымда қара шыбын,
Заманымның жазылмас жарасы-мың.
Бар асылын жоғалтқан қу тірліктің,
Қайсыбірін айтайын наласының...

Жалғыздықтың жанарын сүртер едім...
Санадағы сауалдан сан мұздармын,
Адамы көп көшеде жалғыз қалдым.

Ғ.ЖАЙЛЫБАЙ

Адамы көп көшеде, адамы көп,
Жалғыз қалдым
Жандайын бағамы жоқ.
Мені атуға таласты мына тобыр,
Батыраштың бейдауа садағы боп...

Аспанымнан іздеп ем асыл-ақық,
Пенделерден түр екен басы қатып.
Көшедегі көліктер қашты менен,
Көйлегіме шалшығын шашыратып.

Осы ма едің, тіршілік, сауалы көп,
Сауалыңа жанымның жауабы жоқ.
Күрсінгенде шығатын күнді айналып,
Жалғыздыққа көңілім ауады көп...

Қарауыттып балауыз бітелері,
Түн келеді. Түнменен мұң келеді.
Төзімімнің тербелген мұң-терегі,
Мен болып шын керегі...

Мұң-терегім, тұнжыра, жыр-терегім,
Ақиқат жай-жаныма бір керегің.
Жалғандықтың ұстаса жағасынан
Жалғыздықтың жанарын сүртер едім.

Алыс арман алқынтып, аңсатады,
Мұң ұсынар мына түн қанша, тағы?
Тереземе тылсым-нұр құйып кеткен
Айналдым, таң шапағы!

МАЙДАНГЕР МУЗАСЫ

Жылжып жылдар, өтсе де ай алмасып,
Құрбан болған досы есте, аяулы, асық.
Қырғын жылдың еске алып қасіретін,
Қарт майдангер келеді баяу басып.

Артында қап жас шағы күліп, қырдың,
Сабағынан қалғаны-ай, сынып гүлдің.
Шаттық күнін шарпыды жалынымен,
Қырық бірдің маусымы, қырық бірдің.

Ажал сеуіп, қанатын жайған қара,
Майдан-дала, қасірет, майдан-дала.
Ал, ауылда қаусаған кәрі-құтаң,
Жесір жеңге, бастан бақ тайған бала.

Жадыраған жаз-өмір жырын жұтқан,
Кегін алды ол залымдық, зұлымдықтан.
Оқ пен оттың жүргенде ортасында,
Бейбіт өмір кешудің құнын ұққан.

Мейірімге зәру боп тамшылаған,
Қасіреттен жүрегі қансыраған.
Тізе қосып төзімнің арысымен,
Намысымен өз-өзін қамшылаған.

Отанының қадірін ұққан адам,
Шың басына шалдықпай шыққан адам.
Тажалдың да талайын тозаққа атып,
Ажалдың да көзіне тік қараған.

Қарт майдангер жүзінен аңғарасың:
Сейілткенмен тамылжып таң наласың,
Жұлмалайды соққы боп сол сұрапыл,
Тырналайды уақыт жан жарасын.

Табысқан шақ шаттықтың көк пен жері —
Қырық бестің мамыры-көктем еді.
Жапырағын шарпыған қызыл жалын,
Көк терегі көңілдің көктемеді.

Қасіреттің орнына той жарасып,
(Бәрін-дағы орнына қойған уақыт).
Өткен жылдар өзегін тілгілеумен,
Қарт майдангер келеді ойға батып.

Санасында тірліктің сұрағы үдеп,
Мазалайды қартымды мына жүрек.
Мәңгіліктің жан тербер жырын оқып,
Мәңгілік от алдында тұрады көп.

«Керегі не, ел үшін тең есептің,
Отаныма әлі де берешекпін!».
Майдангердің мұңлы ойын бөліп кетті,
Гүл сыйлаған ұрпағы келешектің.

ҚАРСЫ АЛАДЫ НАУРЫЗЫН БІЗДІҢ АУЫЛ

Сыртылдатып сабырдай сағатыңды,
Тауысты ма мына қыс тағатыңды?
Қарсы алады сағынып біздің ауыл
Қасиетті Әз-Наурыз, жаңа күнді.

Екі мезгіл еріктен тыс бүлініп,
Қыс пен көктем бастады күшті бүлік.
Қаруланған шуақпен кербез көктем,
Қыр басына тастады қысты қуып.

Қарсы алған соң наурыздың ақша таңын,
Әкем ертең күйттемек бақша қамын.
Көктемгі бұлт секілді қызыр баба,
Саумалайды жібектей ақ сақалын.

Жібермесін жаратқан жай-кеселін,
Көңілімнің ескегін қайта есемін.
Бала жігіт ұсынды аруына,
Жинап әкеп көктемнің бәйшешегін.

Гүлін ашып, көктемді бау мақтады,
Алас, алас, жамандық...
Аулақ бәрі!
Қатал қыстың босанып құрсауынан,
Сылдырайды ақ бұлақ тау жақтағы.

Алыс қашып бойдағы пендешілік,
Мөлдір аспан қарайды жерге күліп.
Жер дүние жатқандай баяу ғана
Әуенімен құстардың тербетіліп.

Ұнады ма, көктемнен алған ақпар?
Көріністі ғажайып қармалап қал!

Басын иіп ару күн келбетіне,
Бұр жаруда жайменен тал-дарақтар.

«Келер күннің шырағын жақтың шырын,
Көргеніме шүкір, — деп бақтың күнін».
Ошағына орнатып құт-қазанын,
Әжем таңнан қағады қаптың түбін.

Шашасына салтымның шаң жұқпады,
Ұлыс күні жыр менен ән құт-тағы.
Атам да жүр іліп ап иығына,
Жасыл ала шапанын сандықтағы.

Шұғыла-нұр жаныңа жиылып бек,
Бақыт тұрсын басыңа бұйырып тек!
Наурыз көже — бас дәмге осы күнгі,
Ақ құюда ақ жеңгем іліп кеп.

Жаратқаным жаны иіп мол-ақ берер,
Қазағымда қашаннан қомақты өнер.
Ақ дария пейілді ауылыма,
Қонаққа кел наурызда, қонаққа кел!

ОЙ-ХОЙ, КӨКТЕМ...

Ой-хой, көктем,
Көк нұрыңды шашып келдің.
Көк табаңа сыймай тасып келдің.
Қазақтың дархан даласына,
Уығыңды көк тіреп асып бердің.

Жымың қақты жұлдыздар, күн оянды,
Шашын тарап табиғат, ол боянды.
Мерген көздеп асықты алшаң басып,
Қанжыға ілуге сұр қоянды.

Сылаң қақты ағаштар желек жалғап,
Күнді сүйді ақ қайың, теректі алдап.
Қайқы көзін сүзеді көктегі — Ай,
Ой жүгіртіп құбылысқа тұрды талдап.

Осы сәтті Жер-Ана ұқты тез-ақ,
Бүрме көйлек киіп-ап тұрған кез-ақ.
Үкісімен қыгтықтап көкті тілді,
Нұрға толды қойнауы лезде-ақ.

Түнді силап жастарға күн де батты,
Бозбаланың сезімі бүршік атты.
Алтыбақан басында базарлы той.
Аласұрып кеудеде жүрек жатты.

Қымыз қылық тындырар есіңді әбден,
Дәмеліміз Қорланға салған әннен.
Тоз-тоз болған сезімдер сейіліп-ақ,
Кетті сіңіп көктемге көңіл әбден.

ӘННЕН ТАПТЫМ ӘДЕМІ ӘЛЕМ БЕСІГІН...

Мен мұңайсам — жүрегіме ем іздей,
Мен шаттансам шалқып кетем теңіздей.
Әсем әнге болмысыммен мұңдылау,
Ұқсасын мен — егіздей.

Ашқанымда ақ зер әлем есігін,
Жаратқаным «жырдан — деді, — несібең».
Бұлт астында сәуле барын ұқтырар,
Әннен таптым, әдемі әлем бесігін.

Таба алмаудан жанымды ұғар бір адам,
Сан сүрінгем тірлігімде, құлағам.

Көңілімнің күйіменен үндесіп
Ән естілген.
Сонда егіліп жылағам.

Ән иесі — жаны сырлы, рухты,
Адалдыққа аттың басын бұрыпты.
Жыландарды жек көріпті дәл мендей,
Қырандарды жаны қалап тұрыпты.

Бағамдапты биіктіктің өлшемін,
Атқа қонар, Алашына келсе мұң.
Әнмен тербеп жүргеннен соң әлемді,
Артады екен ел сенім.

Сол тымық түн.
Жыр да, мен де үнсіз ек,
Аспан қойған жұлдыздардан мың күзет.
Сенің әнің естілгенде
Шаттанып,
Жанымдағы қоя берді күлкі үдеп.

Ех, жанымды кім ұқпас!
Мұқағали күлкісімен қылықтас,
Сол күйімді сонет қылса, шіркін-ай,
Қандай адам сыр ұқпас?

Сосын бекіп... Тұрдым-дағы орнымнан,
Тексіздерге қарап бір сәт тор құрған.
Пенделіктің күлге көмгем кебінін,
Кебенекпен кесірлерді қор қылғам.

Аққулардың тербететін арманын,
Сол ән екен, талғамым.
Сылып тастар бойыңдағы наланы,
Сездірмейтін құдіреті-ай жанға мұң.
Келешекке үмітімді жалғадым...

АҚ ШАҒАЛА

Аспан асты, айдында бұлақ күліп,
Сыбдырына жылғаның құлақ түріп.
Жүргенімде жазира кең далада,
Ұшып өтті шағала көкті тіліп.

Дыбыстаған үнінде нала бардай,
Қайдан ұшып барады паналардай?
Ақ шағала, әдемі шағалалар,
Сүп-сүйкімді кәдімгі балалардай!

Сірә, құсым айырылған анасынан,
Ыстық құшақ бауырмал панасынан.
Неге қонбай кетті ол кербез көлге,
Көрінбейді құстардың арасынан.

Ақ шағала, оралшы қайта бізге,
Бір мұңым бар сеземін айтар бізге.
Мына мамыр өзіңсіз сәні келмес,
Ақ жолға ғана тілейік қайтар ізге!

КӨҢЛІМДЕ МЕНІҢ БІР МҰҢ БАР...

Бәйгесін бермей көкпардың,
Дөңгелеп уақыт зырлайды.
Сойылы тиіп шоқпардың,
Жүрегім менің тулайды.

Қалың ойға қалдырып,
Өмір-ай мені сарсыттың.
Көңілге мұңды салдырып,
Таланыма қарсы еттің.

Дауылды менің күндерім,
Жауыңды аңсап шөлдедің.

Шындықты аңсап жүргенім,
Шындыққа жетпей — өлгенім.

Көңілімде менің бір мұң бар,
Қай кезде одан айығам?!
Тірліктің қандай құны бар,
Соны ойлап әр кез қайғырам.

ПЕРІШТЕ СӘБИ ЖҮРЕГІ

Жас сәбидің жүрегі,
Оның да бар тілегі.
Бірде жүзін жас шылап,
Бірде күндей күледі.

Былдыр-былдыр балақан,
Сары тентек балапан.
Берейінші ақ бата,
Жайшы, кәне, алақан.

Бала-жүрек алқынған,
Қияларға талпынған.
Өмір сырын білмек боп,
Қарлығаштай шарқ ұрған.

Армандап сан биікті,
Санаға арман құйыпты.
Өткен күннен сыр ұғып,
Жанына нұр жиыпты.

Тал бесігім тербеген,
Сағыныш бой кернеген.
Қайда, қамсыз күндерім,
Жұртқа жүлде бермеген?
...Мұңсыз күнге шөлдеп ем...

КӨБЕЛЕК

Гүлге қонды көбелек,
Жаңбыр да тұр себелеп.
Сырға толы дүние,
Өтіп жатыр дөңгелеп.

Армансыз ұшқан көбелек,
Қанатың қандай керемет.
Жалт-жұлт еткен жанарың,
Емес — ау мәңгі, не керек?

ҚАНТАЛАПАЙ ТАҒДЫРЫҢДЫ КІМ ҰҚТЫ ?

Сыр-ғаламды құрсап алып бұғаумен,
Кесірлік тұр, кісәпірге ұнаумен.
Заман бір сәт тозақ отқа айналып,
Періште-үміт жалғыз қалды жылаумен.

Сайтан әні құдіретке айналып,
Ауызында адалдығым шайналып.
Есіл ерім есінен жүр адасып,
Қыл көпірдің шырмауына байланып.

Періштелер шошып мына жұртынан,
Ірің аққан, ақ ішетін ұртынан.
Ізгілігім жаңылардай ізінен,
Сұрқайлықтың ат үркердей сұрқынан.

Ғасыр бүгін ой-ұршыққа бас ұрды,
Көздің жасын көк бұлттарға жасырды.
Көкте жарқыл қылыштасып қыңырмен,
Бар тірліктің берекесін қашырды.

Ай үнсіз тұр, ұғына алмай бүлікті,
Ерке жел қойған әлгі қылықты.
Қаңдаладай қызыл көрсе бас салар,
Қанталапай тағдырымды кім ұқты?!

Таразысы тартылғанда ғұмырдың,
Алақан ем, жұдырық боп жұмылдым.
Ойлы жаңды отқа салған өмір-ай,
Қайтем? Сенен түңілдім...

ЖАПЫРАҚ

Сумаңдаған суық жел,
Тітіркентті денемді.
Ал, жапырақ қауқарсыз,
Дөңгелене жөнелді.

Жапыраққа көп қарап,
Бір түрлі ойға шомамын.
Панасыз қалған қалтырап,
Кейуананы еске аламын...

БАЛАЛЫҚТЫҢ АУЫЛЫНА БАРҒЫМ КЕП...

Бала шақты ойлап па едік келте деп,
Төрт бала өстік отбасында еркелеп.
Шүкірлікті көп айтатын құдайға
Ата-анаға таусылмайтын ертегі ек.

Өзгелердің сездіртпеген табасын,
Қорған болды, айналайын ағашым.
Мейірімі өзге еді ғой біздерге,
Көңілінің күн сүйетін сағасын.

Ал сіңілім, бұрымды қыз, қылықты,
Бауырының көздерінен сыр ұқты.
Ашуланса ағасы мен апасы,
Қылығымен көңілдерін жылытты.

Қаһарлы қыс.
Тығылып ап үйге біз,
(Өзімізше шат-шадыман күйдеміз).
Асыл анам ыстық күлше пісіріп,
Жасайтұғын мейірім мен сыйды егіз.

Жайдары жаз келгенде,
Қайран көңіл болып қалған «шерменде».
Тауға шығып теретінбіз бүлдірген,
Асыр салып Арқа - төсі кең жерге.

Әже үйінен құрт-ірімшік жейтінбіз,
Қант-кәмпитті тәтті-ақ екен дейтінбіз.
Кіріп алып әжеміздің қойнына,
Ертегісін тыңдайтынбыз кей түн біз.

Жылжып жылдар, есейдік те бәріміз,
Уақытқа тәуелді боп халіміз.
Кете бардық ағысымен өмірдің,
Түскендейін көңілдерге кәрі күз.

Жүрегімде сағынышым сан мың, көп,
Түсіме еніп жайлаудағы шалғын көк.
Қара түсті қала кезіп жүрмін мен,
Балалықтың ауылына барғым кеп...

ТҮСІМЕ ЕНДІ ЖИІ МЕНІҢ

Теретұғын дала гүлін,
Қайран менің бала күнім.
Тіршіліктің түйіткілін,
Ойламайтын нала-жүгін.

Ізгілікті қалайтынмын,
Жақсы істерге жарайтынмын.
Ақ арманды іздеп әр күн,
Көк аспанға қарайтынмын.

Аппақ басын арға балап,
Телміргенмін тауға қарап.
Көлдің қарап тереңдігін,
Жүретінмін жар жағалап.

Кең даламның жаңбырына,
Ғашық едім таң нұрына.
Мен едім ғой бала кезде
Ең риза жан тағдырына.

Қиялыммен биік едім,
Адалдықты сүйіп едім.
Сол бір күндер қамсыз өткен,
Түсіме енді жиі менің.

Бала күнім, бала күнім,
Алшы астына қанатыңның.
Шұғыла боп суырып ал,
Құшағынан қара түннің!
Қайран менің бала күнім...

ШАҒАЛА-ҮМІТ ЖАЛТ БЕРДІ-АУ!

Түсе алмай жүр сабаға,
Қалды ма екен табаға?
Жанұшырып шарқ ұрған,
Көлден көрдім шағала.

Қолдап мұңның санатын,
Қаққылайды қанатын.
Ауып күні басынан,
Тұмшалардай қара түн.

Өзі де асық өрге тым,
Толқындатып көл бетін.
Айнакөлдің мұңайтты,
Күн сүйетін келбетін.

Көңілде көп сұрақ бар:
Кезі қайда тұрақтар?
Сыбдырласып, сөз қылды,
Шағаланы құрақтар.

Көргені тек шағала,
Жігіт отыр жағада.
Тіршілікте оның да,
Қалғаны анық табаға.

Қалғандайын құр сұлдем,
Қайран күндер нұр сіңген.
Шағала-үміт жалт берді-ау,
...Жігіт терең күрсінген.

Тербеп баяу сыр-бесік,
Мөлдір мұңмен күн кешіп.
Жігіт отыр жағада,
Шағаламен тілдесіп...

АҚИҚАТ

алаңында



ӨЛЕҢІММЕН ӨЗЕКТЕСКЕН ӨМІР БҰЛ...

Сені ақын болады деуші едім,
сотта қызмет істеймін дейсің бе?

(Құрбымның әңгімесінен)

Ақ таңдарда басын иген арайға,
Шұғыла боп ардың нұры тарайды, ә?!
Бұл сырымды саған айтам мен бүгін,
Ертеңгі күн жайылады талайға.

Ештеңе етпес,
Жан сырымды білсін ел,
Мен емеспін бұл жайтыңа күрсінер.
Сырымды ұққан құрбыларым қоштап бір,
Қайсар қыз деп қайран қалып жүрсін ер.

Әз жандардың жаттап өсіп есімін,
Ар деп ұқтым адалдықтың бесігін.
Жазушылар Одағынан емес тек,
Осы жерден бұйырыпты несібім.

Арамдықтың кісен салып қолына,
Адалдықтың бақ тіледім жолына.
Жаны таза жаңдар лайық бұл іске,
Тірлігімнен қойғаным да сол ұға...

Талай жанның шайқап ішкен тұнығын,
Көрдім мұнан аярлардың қылығын.
Адалдықтың аумай өткен жолынан,
Көрдім мұнан асылдардың сынығын.

Лапылдатып жігер жаққан отты мың,
Тура биде туған-туыс жоқтығын,


Танытып бір текті еліме толайым,
Әділдіктің көтереді шоқтығын.

Адал жүріп, анық басқан адымын,
Әр ісінен байқалады тағылым.
Ақ-қараны ажыратып шүбәсіз,
Тектіліктің танытады танымын.

Көрдім мұнан арда туған асылды,
Көрдім мұнан туған елге масылды.
...Бар әлемге «беделі» бар біреулер,
Әділдікке бас ұрды.

Екіжүзді кірген сәтте есіктен,
Сан ұғынды «қағылғанын» несіптен.
Ал, адалдар арқаланды сан мәрте,
Шындық үнін тыңдап өскен бесіктен.

Көңілінің мөлдіреген шынысы,
Әділдік боп тұрған әр кез жұмысы.
Адалдықтың жоқтаушысы қашаннан,
Сот екен ғой бұл ғаламның тынысы!..



ӘДІЛҚАЗЫЛАР МАРШЫ

Әділдіктен айнамаймыз мәңгілік,
Арайлаған алдымыздан таң күліп.
Тура биде туған жоғын ұқтырған,
Баба сөзі біздер үшін — заңдылық.

Әділ болу — ұранымыз,
Адалдықтың тұрағымыз.
Шежірелі ел шырағымыз,
Қасиеттің қыранымыз!

Адалдықтың сара жолын таңдаған,
Еркін елім — дастан маған, ән маған.
Ердің құнын екі сөзбен шешетін,
Даналармен асқақ маған маң далам!

Тереңіне бойлай білсең тұңғыық,
Қазылықтың мәртебесі тым биік.
Келешектің қиясына беттеген,
Майқы бидің сөздерінен сыр жиып.

АТАЗАҢЫМ-АЙБАРЫМ

Әділдіктің барында алыс қайғы-мұң,
Еркіндігім елдігіме сай бүгін.
Адалдықтың ақ құсындай киелі,
Атазаңым — мақтаным да, айбыным!

Атазаңым, қасиетің қаншама?!
Жас айтады, кәрі айтады тамсана.
Әділдіктің баламасын іздесең,
Атазаңға жүгін дер ем баршаға!

Жайқалтып бір желбіреген желегін,
Туралықтың мәпелеп күт терегін.
Атазаңым — ата салтым, дәстүрім,
Тарихымның толғап көрсең тереңін.

Ел тілегі — осы күнге жеткенім,
Өткеніне зер салады текті елім.
Атазаңның қасиетін ардақтар,
Сарғыш тартқан шежіренің беттері.

Шар болаттай шырай берген шындығы,
Шұғылаға айқара ашық түндігі,
Жанынан да арын биік қоятын
Адалдықпен қазақтың бір кіндігі.

Тектіліктің тұмар болған тиегі,
Өрелі ұрпақ өткенін де сүйеді.
Есім ханның ескі жолы — естелік,
Қасым ханның қасқа жолы — киелі!

Заңы болса әділ жанды қолдаған,
Адал ғұмыр кешері анық сонда адам.
Жанынан да ары биік тұратын,
Еркін елде әділет бар орнаған.

Әділдікті жүрген елміз ән қылып,
Атады әр кез алдымыздан таң күліп.
Атазаңым тұғырында тұрғанда,
Адал ғұмыр кешетінім заңдылық.
Адал ғұмыр кеше берем мәңгілік!

ТӨЛЕ БИ-ТӨБЕ БИ

Өзгелерден биік тұрған өр есім,
Рухымен жанды нұрға бөлесін.
Дүйім елден оза шапқан дарабоз,
Білесің бе, Әлібектің Төлесін?!

Құдай сені жаратқан соң Төле ғып,
Басты парыз айтуыңыз төрелік.
Сөзіңізде салиқалы шешім де,
Өзіңізде өр мінезді өрелік.

Ажыратып асылды,
Бар қазаққа бола білдің бас үлгі.
Қайтер екен сәл өзгертіп атаса,
Төле емес, Төбе би деп атыңды?

Өткен өмір, қасіреттен қажыған,
Әр сәтінен мұңға толы саз ұғам.
Ұлы жүздің ұлық тұтар биі едің,
Бар қазақтың мақтанышы әз-ұлан.

Атасынан туған дара ұл асыл,
Әділеттің өзің едің құласы.
Өткен күннің өзегінде қандай күй,
Дана тарих не дер екен, сұрашы.

Шерге толы шежіремен сырлассам,
Даналығың, даралығың — бір дастан.
Ақылымен оза шапқан жүйрікке,
Басын иіп тұрды аспан.

Толғай сөйлеп, ойға баттың тұңғиық,
Ел алдында мәртебеңіз тым биік.
(Зар заман-ай, мың құбылған күніге,
Жүрегіңе жіберердей мұң құйып).

Әз-Тәукенің дуалы ауыз биі едің,
Ақыл-ойдың сан ағыттың тиегін.
Рухыңмен қолдай бергін еліңді,
Айналайын, киелім!

АСЫЛ ҮНІ АБАЙДЫҢ

Шуақ шашқан көктегі алтын күніміз,
Ана тілім — ар-намысым, біліңіз.
Қасиетін қанымызға сіңірген
Тұғырында, тұғырында — тіліміз!..

Ана тілім — ерлігім мен елдігім,
Ана тілім — кемелдігім, кеңдігім.
Ғасырлардан маған жеткен қазына,
Өз тілімді мақтан етем мен бүгін.

Қазағының ұлылармен бағы-айдын,
Ана тілім — асыл тілі Абайдың.
Ана тілім — толқыны ұрған тарихтың,
Бастан кешкен талай қайғы, талай мұң.

Ана тілім-ата-дәстүр, салтымыз,
Ана тілім-абырой мен даңқымыз.
Ана тілім келешектің кілтіндей,
Ел бағына жаратылған жалқымыз.

Өткенінен соққан өмір өкпегі,
Келешегі-гүл жайнаған көктемі.
Тілім-тілім тілімденген өз тілін,
Мәпелейді егемен ел, текті елі.

Ана тілім-тамыр жайған қарт емен,
Тілім барда биік менің мәртебем.

Бойға сіңген ақ сүтімен ананың,
Тіл қадірін төмендетпес мәрт өрен.

Кереметі-ай киелі елдің салтының,
Тілім барда қанаттандым, шалқыдым.
Болашақтың босағасын бірге атта,
Ана тілім, айналайын, алтыным!

ӨКІНІШ НЕМЕСЕ АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Адасқанның алды-жөн, арты-соқпақ...
АБАЙ

Көрдей қара түнек болып айналам,
Бармағымды шайнағам.
Өткен іске өкінумен отырмын,
Сот алдында,
Тура жолдан таймаған.

— Қалғаның ба, мола құсап қаңырап,
Шайқалдың-ау, шалдан қалған шаңырақ!
Қарап алып кісеңдеулі қолыма,
Анам отыр шашын жайып, аңырап.

Алыс қашып «арман» деген бір өлік,
Тіршілік тұр қабақ шыгып, түнеріп.
Сот залының бұрышында тұнжырап,
Жарым көңіл жарым отыр — тірі өлік.

Жарым менің.
Басыңды иіп «ноқтаға»,
Түстің суға, жанып тұрған отқа да.
Саған қояр ешбір кінәм жоқ менің,

Алған беттен таймассың-ау...
Тоқтама!

Ес жоғалтып, тірлік кештім есіре,
Түрме наны — енді тартар несібе.
Мен жайында сыр ашпайсың, білемін,
Алсаң болды, кейде ғана есіңе...

Әттең, әттең, қателік!
Қателігім жарға соқты әкеліп.
Қос құлыным, кешіріңдер әкеңді,
Қайдағы әке?!
Құн қалды ма әкелік...

Қос құлыным, арай-нұр,
Рухыңды тек төзімнен қалай біл.
Әкесіне еркелеген балаға
Қарап тұрып, мұңаярсың талай жыл.

...Еш ақылын тыңдамап ем ешкімнің,
Зауалы — осы, тірлік деген бес күннің.
Адалдыққа құшақ ашқан тіршілік,
Қадіріңді енді білдім, кеш білдім...
Ахх!...

ЖӘНІБЕКТІҢ МОНОЛОГЫ

Ер қадірін не білсін,
Көшіп — қонып көрмеген...
Ер Жәнібек

Мына дала-маң дала,
Бабалардан аманат.
Жанға түсіп сан жара,
Күрсінеді қағанат.

Күрсінеді қағанат,
Торлап көкті қарға мың.
Шақырады жаманат,
Жау қамалап жан-жағын.

Ерке туған ұл едім,
Еркін өскен желкілдеп.
Жақсылыққа құл едім,
Адалдықты сертім деп,

Сөз бергенмін Алашқа.
Қасымда еді қос бөрім.
Шықсам майдан-таласқа,
Жеңісімді тосты елім.

Жауға шаптым ақырып,
Аруағым аспандап.
Дұшпандарым аһ ұрып,
Бастарынан қашқан бақ.

Бас имедім басқаға,
Алмас кездік-намысым.
Жаттым тоқым жастана,
Алашымның ары үшін.

Қарсы келмей сөзіме,
Көтересің еңсемді, ел.
Ер болсам да, өзіңе
Баладаймын, сенсеңдер...

ЖЕЛТОҚСАНЫМ, ЖЕТТІҢ МАҒАН КИЕ БОП...

Арқасынан сыпырып ап азабын,
Қазағыма алып келген ғажабын.
Әуелеген ән етемін осы айды,
Дәптеріме дастан етіп жазамын.

Дархандығын танытып бір даламыз,
Шарасында шаттық шайқар қаламыз.
Өткен күннің ұққың келсе өксігін,
Шерлі күнді шежіреден қараңыз.

Ағайыным бақұлдасып туыспен,
Тұлпарларым ауыздықпен су ішкен.
Әліміз де кем болатын басқадан,
Халіміз де тең болатын құныспен.

Шерменде елге сансыз азап шеккізіп,
(Сол дәуірдің көздегені-тек қызық).
Бодандықтың қан сасыған құрсауын,
Желтоқсанның долы желі кетті үзіп!..

Желтоқсаным, жеттің маған кие боп,
Мәз-мейраммын, еркіндікке ие боп.
Еркіндіктің сезіндірдің не екенін,
Мұзда жанған киелі от...

Тәуелсіздік синонимі тектінің,
Өзіңді аңсап өміршең ел шекті мұң.
Осылайша ойға баттым оңаша,
Тәуелсіздік алаңына кеп бүгін...

АДАЛДЫҚТЫҢ АҚ БЕСІГІ - ЖЕР-АНА...

Автор:

Ішке бүгіп, зар-мұңы мен наласын,
Жалғап өтіп сан ғасырлар арасын.
Тіршілікті тербетеді қара жер,
Алаламай бар адамның баласын.

Көркеуделер көзін ашып қарасын:
Жасырады ол жанға біткен жарасын.
Алақанға салады да жер-ана,
Аялайды адамзаттың баласын...

Жер-ана:

Ақ тілеулер басын жүрер иіп тек,
Адалдықтың түсі неткен сүйікті ед?!
Бауырымда өссе деймін әділдік,
Өтіріктің өркенінен биік боп...

Жаратқанның адалдыққа төлемі-
Алаш-ана берді адамға Төлені.
Тұрған сәтте замананың назы үдеп,
Әділдікпен елді ұйытқан Қазыбек.
Арқа белден, аңызбақтан сұраңыз,
Әйтекенің туралығы-бір аңыз.

Әділдіктің кемел ойлы киесі-
Дана билер-қасиеттің иесі.
Ей, адамзат!

Тартып бір сәт ат басын,
Әділеттің қарайлап өт қақпасын.
Келешекте бәйгесінде рухтың,
Құлагерің орға құлап жатпасын!..

Жігіт:

Қасиетіңе қайран қалып қарағам,
О, Жер-ана!

Жақсылыққа жараған.

Ізгіліктің жылап аққан жылғасы-

Төрт тарапқа тамырдай боп тараған.

Мойнымдағы тұмар сыңды қарызым,
Сені қорғау — парызым!

Жауларымды аттандырып жәһаннам,

Дұшпанымның аңдып өтем әр ізін.

Маған қиын жағдай емес ол да аса:

Күл қыламын-өз айтқаным болмаса!

О, жер-ана!

Өтелер ме парызым,

Жел өтінде тоңбасам...

Қыз:

Жаным менің...

Айтқаныңыз жөн делік,

Сөзіңізден қалғандаймын жөнделіп.

Жер-ананы қиындықтың шелінен,

Құтқарарсың сен келіп.

Қаһармандық — жүректегі қалауың,

Жалындайсың, арда туған алауым.

Адалдықтың арғымағын ертте де,

Әділдіктің биік ұста жалауын.

Жау қашырып, шабам дейсің жыраққа,

Есіл ерім, ұғын мұны бірақ та:

Ер ұлдары ерегiссe төсiнде,

Жер-ананың төсі толар сұраққа.

Өртенбей ме өкініштен өзегі,

Өнегесі құйылмаса құлаққа?
Жер-анадай салмақты боп, асылым,
Көзіңді сал, шындық жаққан шыраққа!..

Жігіт:

Бұл айтқаның — тірліктегі азығым,
Сенікі жөн, нәзігім!
Қара күшке сеніп алып мен бейбақ,
Айналыптың қаталдықтың қазығын.
Жер-анадан үйренгенім жөн екен,
Мейірім мен әділдіктің әз-үнін...

Жер-ана:

Айналайын, ел қорғайтын нар тұлғам,
Айныма, осы салтыңнан.
Орын тапқан қойынымнан мәңгілік,
Бабаларың әділдік деп шарқ ұрған.

Адалдық пен ізгіліктен жаралған,
Бабаң аты аңыз болып таралған.
Бар байлығын жиып өткен харамнан,
Із қалмаған сараңнан.

Кейбір жандар кеуде керіп бүгінде,
Ажыратпас адал-арам жігін де.
Жадынан еш шығармасын бар адам,
Қойыныма келетінін түбінде.

Асылдар бар тұтқа болған баршаға,
Қайырымы қаншама?!
Өзі өлгенмен аты өлмеген олардың,
Айтады ұрпақ тамсана.

Дана тарих — сырласым,
Жырлар болса, тектілерді жырласын!

Келешегің құшақ жайып тұрғасын,
Жанарыңда жарқылдаған нұр-жасын,
Бағалай біл мәрттік ұғым тұлғасын.

Тасысын деп қазағымның бағы ұдай,
Хан Абылай, ақжолтай ер Ағыбай.
Бөгенбай мен Қабанбайдай батырлар,
Бұхар, Дулат ақындар.
Биік ұстай алатұғын еңсені,
Ерге балап жүрем әр кез мен сені!

Қыз:
Қасиетіңмен қолдадың,
О, Жер-ана!
Талай сырды толғадың.
Пенделерге зор бақыт қой сезінсе,
Мына сенің болғаның!
Жүрегіңнен төгілді ғой сыр бүгін,
Айтшы маған туған елдің бірлігін.

Жер-ана:
Мына бес күн тірлікте,
Адамзаттың бар бақыты — бірлікте.
Тіршілікте тәубешіл бол, барлығың,
Барар жерің бір нүкте.

Талай дана қолдаған,
Тарихты ашсаң — бірлік жайлы толғаған.
Бірлігінен ажыраған елдерде,
Бір тыныштық болмаған.
Баянды боп бірлігің,
Қалықтауда көк аспанда жыр бүгін!

Жігіт:
Тура жолға бастайтұғын баласын,
Жөн айтасың, анашым!

Бірлік барда әділдік те болмай ма,
Бақыт құсы басымызға қонбай ма?!
Бірлік кетсе, бақ қашады бар елден,
Жолықтырма, жаратқаным, ондайға!

Автор:

Өткен өмір кейінгіге — жаңғырық,
Адалдықтың үстемдігі — заңдылық.
Адамдарды аялайды Жер-ана,
Тербетеді бесігінде мәңгілік...

АҚЫРЕТ АРАЛЫ

(баллада)

Жерді тарпып жез жүгенді құламыз,
Өткен күннен өнеге алып тұрамыз.
Шапағаты шуақ болып төгілген,
Бүгін сізге баяндайын бір аңыз.

Болмас бәлкім, жылауға да, күлерге,
Сәл қаталдау салт бар екен бір елде.
Бақыт деген осындай ма едіңіз,
Күліп келіп, ал соңынан түнерген.

Қалай жанды билемесін қапалық?
Осыны ойлап, терең ойға баталық.
Он жыл билік құрғаннан соң патшасын,
Тастайды екен бір аралға апарып.

Он жыл бойы ұлы адамға теңеген,
Патшаларын сол аралға кемемен
Тастайды екен алып барып мәңгіге,
Жан табылмай жалғыздығын елеген.

Адам — ғұмыр!
Тағдырыңа тәуелді ең,
Ол аралда ел тұрмайды әуелден.
Патшасына, билеушіге әлемді,
Осылайша шығады екен жау елден.

Тәртіп осы,
Жүрме одан ауытқып,
Ел патшасы осы жайды қауіп қып
Он жылдан соң не көрерін көп ойлап,
Қашқан екен сарайынан сауық-құт.
Сарқылтатын шаттығыңды, бұлақты,
Қайтпек керек мына қатал сынақты?
Он ойланып, мың толғанып бір күні,
Уәзірден ақыл-кеңес сұрапты.

— Патша болдым, тасып-толдым десем де,
Қарғыс атқыр қайғым барда өсем бе?!
Жолын құшып патшалардың алдыңғы,
Мен де солай өшем бе?

Қасірет боп осы күні азығым,
Ауыр ойдан жүдеп-жадап, қажыдым.
Он жылдан соң жалғыз қалам аралда,
Жазығым не, жазығым?

Жүрегімнің жанарларын жас қамар,
Елсіз арал — менің үшін тас қамал.
Құтылатын осы түнек қайғыдан,
Бар ма, айтсаңшы, басқа амал?

Тосыпты да бұл сауалға құлағын,
Тыңдап алып патшасының сұрағын.
Терең ойға батыпты да тұңғыық,
Былай депті уәзір:

— Күйе жағып дәстүрің мен салтыңа,
Ұнамайсыз халқыңа.
Жалғыздыққа тұнып тұрған ол арал,
Ұмыттырар тірлігіңді шалқыған.

Торламасын десең жанды нала-мұң,
Ішкің келсе сансыз сезім шарабын.
Ертеңгі күн өзің барып тұратын,
Сол аралды гүлдендірсең, жарадың!

Ғұмырың мен байлығыңды аяма,
Жалқаулықтың жүгін онда таяма.
Өзің түбі баратұғын сол арал,
Сонда саған айналады саяға!

Ақылдан ол емес еді мақұрым,
Ойлап көрсе уәзірдің ақылын.
Жөн секілді айтқан сөзі әзірде,
Ақиқатқа таяп қапты ақырын.

P.S:

Адал досым, әділдікті ұнатқан,
Өмір осы — тұратұғын сынақтан.
Аңыздардың астарында өмір бар,
Шындық іздеп қажеті не жырақтан?

Бұрынғының қарттарының сөзі шын,
Әрбір адам өзі патша өзі үшін.
Жаман болсаң — жалаң өмір кешкенің,
Жақсы болсаң — даналардың көзісің.

Уәзірің — ақылың мен иманың,
Жолында оның құрбан болсын жиғаның.
Ақиқаттың, ар-иманның жолында,
Жөн болады жаныңды да қиғаның!

Бағындырған күштіні де, алыпты,
Алла ісіне көңіліміз қанықты.
Тіршілікті ізгілікке толтырсақ,
Жәннат баққа барарымыз анық-ты.

Құлаш ұрып ұлы арманның өріне,
Келесің-ау қадам басып төріңе.
Апарарын шығармағай есіңнен,
Кеме-табыт елсіз арал-көріңе!



ЖЕТІМГЕ ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ (Баллада)

Жалаулы жыл, айдарланған айыңда,
Өткен күннен өзекті сыр пайымда.
...Тағылымы терең әрі тұңғыық,
Бір аңыз бар, халифа Омар жайында.

Сәске түсте, болмай тұрып екінді,
Бұршы, достым, осы салтқа бетіңді.
...Бір міндеті санап оны әрдайым,
Халифа Омар жарылқапты жетімді.

Байлығыңмен шықсаң егер сонарға,
Омар салты санаңызға қонар ма?!
Кезігіпті жесір әйел бірде оған,
Былай депті Омарға:

-Сүм-тағдырдың осы шығар табасы,
Жарым өлген, қалды бала-шағасы.
Хузайфа ибн әл-Гифари қызымын,
Адамзатқа ауыр тиген қазасы.

Жан әкеме талай бейнет жолықты,
Ол ар үшін ғұмыр бойы торықты.
Менің әкем Худайбия жерінде,
Пайғамбармен дейді- бірге болыпты.

Үнсіз тыңдап айтқан сөзін жесірдің,
Омар айтты:
-Тұяғысың есілдің.
Шағымыңды жеткізбедің шағынып,
Текті жанның тұяғысың.
Көсілдің.

Деді осылай, көңіліне нұр сыйғасын,
Осыдан соң даяр қылып сый басын,
Түйеге артып азық-түлік, байлықты,
Әлгі әйелге ұстатыпты бұйдасын.

Тағы айтқаны:

-Сені жерге қаратпан,
Несібесін әкеледі әр ақ таң.
Бұл таусылса, бұдан-дағы жақсысын
Береді өзі жаратқан!..

Омар салтын санамызға құп алып,
Өнегесін жанымызбен ұғалық.
Осылайша қайыр қылып жетімге,
Салған екен әлгі әйелді шығарып.

...Бірде сұлтан кезігіп қап бір үйге,
Зар естіпті, толып тұрған үрейге.
Сығалапты іргесінен сол үйдің,
...Ниеті оның қарсы тұрмақ - дүлейге.

Лаулаған от, қазан кеткен ыстана,
Отты айналып отыр екен үш бала.
Жасы келген әйел отыр күрсініп,
Күрең жүзі сұстана.

Қайыр қылу-әлімсақтан құралы,
Халифа кеп, әлгі әйелден сұрады:
-Балаларың не сұрайды, әз-ана,
Тыйыла ма, көздерінің бұлағы?

Сыртын берсе не істесін тіршілік?
Әйел айтты, тағы терең күрсініп:

-Таусылды ма, Жаратқаннан бұйырған,
Балалар-аш, қалмады үйде түйір дән.

-Онда не бар ошақтағы қазанда?
-Қара су ғой, қайнап еді азанда.

Бала арманын қоя алмаймын тұйықтап,
Күтіп жатып, кете ме деп ұйықтап.
Қара суды қайнатамын күн сайын,
Қасіретпен өтті осылай мұнша айым...

Балалардың жайын көріп, түршікті,
Халифаның көзінен жас ыршыпты.

Үйіне кеп, азық, киім, ақшаны ап,
Бар дүниені бұғаннан соң таспалап.

Ақылы әр кез арқау болған дастанға,
-Қапты демеп жібер- депті Әсламға.

Ал, Әслам, қызметшісі Омардың,
Былай депті: -Бұл ісіңді доғарғын.
Халифасың.
Көрме бейнет бұрқағын,
Қапты өзім арқалаймын, сұлтаным!

-Сол жандармен бір арнада түйістім,
Жоқ, болмайды!
Арқалауға тиіспін!
Мен олардан батсам егер сауапқа,
Ақыретте тартылмаспын жауапқа!..

Деп ап, қапты арқалаған бойында,
Келді әлгі үйге.
Сауапты іс бар-ойында.

Келісімен ас қамдады қолымен,
«Қайыр қылсаң-бүгін қыл-дың» жолымен.

Қайран Омар, білмейтұғын қулықты,
От жағам деп, түтінге де булықты.

Ас піскен соң бар баланы тойдырды,
Жылағанын қойдырды.

Әсламға айтты, ере келген өзіне,
-Құлағың сал, сөзіме.
Ойың-жүйрік, ұқсас еді жасынға,
Неге отырмын мен бұлардың қасында?

-Жоқ, білмедім, әміршім,
Шын айтамын, нан ұрсын!..

-Тыңда, ендеше!
Мен оларды көргенде,
Мына үйлері суық еді көрден де.

Көке жетіп зарлы үні,
Аш-жалаңаш жылап жатты барлығы.


Қарындарын тойғызу боп-арманым,
Жанталастым, осы жолда талмадым.

Аш жандардың өзегі енді майланды,
Көңілім де жайланды!

Қайырымның қорғанына бекін де,
Қамқорлық қыл жетімге.
Ақыреттің ауылына барғанда,
Қалмассың сен сонда желдің өтінде!..

СЕЗІМ

сөзіндегі



МАХАББАТ ЖАЙЛЫ МОНОЛОГ

Жауапсыз махаббат кімге керек ?...

Автор

Өмірде жауапсыз ешнәрсе болмайды, ал махаббат
біреуді аспанға шығарады, біреуді күйретеді, біреуді
жермен-жексен жасайды...
Сенің хаттарыңнан

Бағып бір сәт көңіліңнің ауанын,
Сауал қойдым, терең ойға батып ап.
Ойландырды сол сәттегі жауабың,
Сезіміме көтерілдің сатылап.

Жөн айтасың,
Жауабыңа тоқтадым.
Ұғындырдың махаббаттың киесін.
Сыпырылып сынға салған ноқта-мұң,
Тапқандаймын жүрегімнің иесін.

Толқынымен аударардай қайықты,
Оралмасын деп тілейік артқы күн.
Түсінгенге-тылсым үнді, байыпты,
Еске салдың аққулардың мәрттігін.

Дәлелдедің махаббатты шынайы,
Маған деген сезіміңмен тағы да.
Сырын айтып мына әлемнің күн-айы,
Бұлбұлдары оралғандай бағыма.

Қара дауыл.
Табылмаған ықтасын,
Қызғалдақ ем, тамыр жайған сыз жерге.
...Түсінгенім-ғұмыр кешкен жұптасып,
Ғашықтардың ғұмыры тән-біздерге.

Өмір-орман.
Адасумен жүр едім,
Сенен таптым жүрегіме миятты.
Менің шаттық шақтарымды тіледің
Жаратқаннан
Ақ періштем сияқты.

Сезіміңе қарсы тұрар күш қайда?
Жеңілдім мен,
Биік тұрсың мен үшін.
Заманауи заңдылықтан тыс майдан-
Махаббатта мәңгі болсын жеңісің!..

Ә-ҒА...

Сенсең егер, жүрегім жаралы екен,
Жаралы екен!
Көз салып қара, көкем.
Өткенімнің өрт болған өкініші
Сыздатады жанымды алабөтен.

Мойынымда мөлдіреп моншақ-мұңым,
Сүлдеріне сүрінді сонша күнім.
Қайтем енді...
Жанымның жапырағы
Жел өтінде жалғыз қап тоңса бүгін...

Ауыр ойдың белінен аса алмадым,
Ұмытқалы күлкіні қаш-а-ан, жаным?
Саған деген мөп-мөлдір сезімімнің,
Көргің келіп жүр ме, әлде, қашалғанын?
Жылап алам тағы да, тұншығып бір,
Бір бұл емес, көзіме жас алғаным...

Тамшы жасым, көзімде мөлдіреген,
Түсінгенге киелі көл бір ерен.
Көл бетінде жүзеді жалғыз аққу,
Шаттығының жалауы солғын неден?

Жүруші едік көп сырға қанып ерек,
(Сен барыңда өмірдің мәні бөлек).
Келер күннің киелі жолдамасы —
Сенің күлкің жүрекке әлі керек.

Өзектегі өткеннің айыбы ерен,
Құшағымды ертеңге жайып өлем!
Желкен етіп жанымды жолға шықтым,
Түбі тесік үміттің қайығымен...

СЫРЫҢДЫ ҰҒЫП ЖАНЫМЕН...

Тұрмыстың түрлі сынынан сүрінбей өтті десе де,
жұбайың досың болды ма? Міне, бұл — басты мәселе.
Не бермек тәннің одағы? Жаныңа жаны қосылау - бұл
— нағыз бедеу қасірет, қосылау деген — ашылмау!
М.ШАХАНОВ

Тоғыспай бірге арнада, бірге өспей сезім гүлдері,
Жүретін жандар саяқсып, кімдерден, айтшы
ілгері?

Махаббат арал мекені — жаныңды нәзік тербеген,
Сүюді білмес сорлылар тізімге мұнда енбеген.

Қасірет пенен қасиет — кереғар ұғым білгенге,
Жүрегі барлар бұл жайды түсіне білген бір демде.
Жарыңыз жар боп қалды ма, болды ма әлде
досыңыз,
Досыңыз бола алса егер, бақыт тобына қосыңыз.

Қайыспай өмір өрінде, бір болса мақсат-арманы,
Шағала-шаттық қалықтап, бағыңның онда жанғаны.
Киелі ұғым — жар болу, жаныңның жарты бөлшегі,
Аққуың болса ақылды, ұстайсың биік еңсені.

Сырыңды ұғып жанымен, қақса ол бірге қанатын,
Толтыратыны ақиқат — сезімділердің санатын.
Жанымен ұқпай жайыңды, арзанға сені баласа,
Жарым деп оны санама, жандарды ондай аласа.

Қайғыңды, сосын қуаныш — бөліссе егер
барлығын,
Көкке өрлеп қайран көңілің, кешесің күнін
арлының.

Тәңізе ғана тәнті жан, жаныңды ұқпас тереңнен,
Биіктік жайлы сөз айтпас, бағаланады көлеммен.

Адами асыл құндылық — көк тиын болса оларға,
Бесігін шауып рухтың, жасайды тез-ақ қол арба.
Ар менен кие ұғымның арзуын айтса Алашым,
Тырнайды келіп тектінің жазылмай жүрген
жарасын.

Тұрмыстың тауқыметінен өткенге мәз боп
жүргендер,
Жарының ұқпай жан сырын, кей істеріне
күлгендер.
Жарты адам болып қалады, бес күндік мына
жалғанда,
Көркеуде — дейді ел мүсіркеп, татымай ешбір
талғамға.

Жұбайың досың болды ма? жауабың бар ма
сұраққа,
Жауабың жоқ-ау, ендеше, ауылын ойдың тұрақта.

Жасампаздықтың жалауын жұбайың дос па, бер
соған,
Келешегіңнің кілттерін тапсырам сосын мен
саған!..

ОСЫ ҒАНА – АЙЫБЫМ

Табанға сал, тіршілік,
Жағамнан ал, сілкіле.
Сырлы сезім тұншығып,
Түссін, мейлі, түрпіге.

Көретінім көп пе еді?
Нең бар тағы, аяма.
Өткен күннің өкпегі,
Ұқсамаған саяға.

Құсаланғам айға ұлып,
Содан жаным ширыққан.
(Қуантады қай қылық,
Дәмем де жоқ «сыйлықтан»).

Астаң-кестең дүние,
Тыншымаған толғағы.
Мұң ұсынар миллион,
Күрең күннің қолғабы.

Шайқаймын кеп шайқаймын,
Шарасыздық шалабын.
Бақыт кетті, байқаймын,
Құмға шаншып қалағын.

Табанға сал, тіршілік,
Жағамнан ал, сілкіле.

Сырлы сезім тұншығып,
Түссін, мейлі, түрпіге.

Сынығы едің киенің,
Ұқ, сөзімнің байыбын.
Мен өмірді сүйемін,
Осы ғана — айыбым...

ӘЛІППЕСІН ҚАЙТАДАН ЕЖІКТЕДІМ

Терезе әлемімді ашып едің,
Сол сәтте саған арай шашып едім.
Күрең күз «сыйға» тартқан сол жұмбақтың,
Таба алмай жүрмін әлі асыл емін.

Көңілім өзіңменен үндеседі,
Өмірім өктемдікпен күндеседі.
Елесің қылаң берді, сағындырып,
Ақындар, міне, осылай күн кешеді.

Сезім-әйнек, жарылса, шытынаса,
Ауырта ма жаныңды үкім аса?
Серік болған жаныма бал-бақытым,
Босағада тұр, әне, құты қаша.

Биіктерден тұрғандай тайып демім,
Қайғым-қалың, өзіңсің-айыпкерім.
Сайқал-өмір салады сарсаңына,
Кілемшесін жолыма жайып тегін.

Кезіккемін, өзіңе кезіккемін,
Талықсыдым тағдырдың сезіп демін.
...ТҮСІНБЕДІМ.

Содан соң мына өмірдің
Әліппесін қайтадан ежіктедім.

ӨЛЕҢ, ТАҒЫ САҒАН АЙТАМ БАРЛЫҒЫН

Кездерімде жан-жүрегім сыздаған,
Жалғыздықтан мезі боп.
Табалайды талмастан кеп мұз-ғалам,
Жұлқылаған желінің де сөзі көп.

Кей кезде мен бағынамын мұңдарға,
(Шағылатын кезі де бар шақардың).
Арқа қызы арқаланар күн бар ма,
Айтшы маған, батар күн?..

Тұмшаласа дүниені түнек түн,
Жастанамын жалғыздықтың жастығын.
Көңілімді көрге сүйреп бір екпін,
Жасайды кеп қастығын.

Қала жатыр талмаусырап ұйқыда,
Көрші итінің үні де өшті ұлып ап.
Күле ме екен мына менің сиқыма,
Қарқылдады қара қарға тым ұзақ.

Жаратқаным, салғын, мейлі, тезіңе,
Бақытыңа жарлының.
Бүгін тағы егілем де езілем,
Өлең, тағы саған айтам барлығын.

Ғазал төгем бүгінгі түн... ғаламға,
Шарана-жыр (деп ойлама тастанды).
Қаламымды қанға малып алам да,
Айғыздаймын қиялыммен аспанды...

АҚКУ ҚҰСЫҢ ТҮР ӘРЕҢ...

Сенің үшін қайғырдым,
Сенің үшін торықтым.
Аманыңда ай-күннің,
Мұң боп маған жолықтың.

Сенің үшін мұңайдым,
Сенің үшін жыладым.
Жетегінде күн-айдың,
Сан сүріндім, құладым.

Сенің үшін басымды
Тауыңа да, тасқа ұрдым.
Сен секілді асылға,
Келмеген соң қас қылғым.

Сенің үшін шаттандым,
Сенің үшін қуандым.
Сенің үшін мақтандым,
Сенің үшін жұбандым.

Сен бар кезде жанымда,
Гүл жайнайды мына әлем.
Сезім тасып қаныңда,
Ақку құсың түр әрең...

Сенің үшін сенделдім,
Бір сезімге ердім де.
Бақ құсына теңгердім,
Бақытым боп келдің бе?

Сенің үшін мұңданам,
Сенің үшін қуанам.
Өзің маған бір ғалам,
Менің үшін жүр аман!!!

ТАЛҒАЖАУ ҒЫП ЖҮРМІН ӘЛІ ТӨЗІМДІ

Жапырағынан жас емес-ау, зар шығып,
Қара күздің жаңбырына малшынып.
Қалтырайды суық желдің өтінде,
Сен екеуміз отырғызған талшыбық.

Өктемдіктен өне бойы майысып,
Қаталдықтан кеткен екен қайысып.
Қара нөсер жапырағын жұлқылап,
Қояр емес сайысып.

Соққы болған жаз көңілге гүл шырын,
Басып озған қара нөсер тырсылын.
О, құдайым!
Айқын естіп тұрдым мен,
Талшыбықтың тамырының дүрсілін.

Талшыбықтың, шайған жанның айнасын,
Көктен келіп сұртпесі анық ай жасын.
Қорған болшы, қаталдықтан қорғашы,
Қайдасың сен?
Қайдасың?!

Мөлдір мұң кеп жапса-дағы көзімді,
Талғажау ғып жүрмін әлі төзімді.
Қарап тұрмын біздер еккен шыбыққа,
Аяп тұрмын оны,
Сосын өзімді...

СОЛ СӘТТЕ МЕН БАҚЫТПЕН ТҮЙІСКЕН ЕМ

Телефоның сөнулі, үн қатпайды,
Мазалайды мені бір жұмбақ қайғы.

Сөнбеді ме сезімің маған деген?
Көгершіндей
Жем іздеп саған келгем.

Маңдайымнан сен едің иіскеген,
Сол сәтте мен бақытпен түйіскен ем.

Жанарыңнан нұр көргем, шуақ көргем,
Өзің ғана жаныма қуат берген.

«Жаным» дедің аймалап, баяу ғана,
Көңілдегі еттің сен қаяуды ада...

Еркелеттің.
Тағы да еркелеттің,
Жазғы аспанын жанымның көркем еттің.

Ерінімнен ақырын өпкениңде,
Қайта оралғам он сегіз көктеміме.

Көңіл бөлмей байлықтың түйіріне,
Пейіліңе шөлдедім, мейіріңе.

Сөндірулі телефон — өкінерім,
Тез оралшы, тек сенен өтінерім!

Талай төзген тіршілік дауылына,
Алшы мені құшаққа, бауырыңа!..

ТІРЛІК-АЙ ТҰЗЫ БАСЫМ...

Жетер енді!
Жүрсе де құр сұлдерім,
Мұңым шағып, бір саған күрсінбедім.
Көзім жұмып кейдегі қылығыңа,
Қадірімді, қайтейін, білсін дедім.

Жетпесе де жаныңның шұғыласы,
Тең адамдай төрт жақта құбыласы
Амалым осы түрі, боп көрінем,
Тірлік-ай, тұзы басым...

Келетіндей көріңгің елге дара,
Бар секілді көңіл тек сенде ғана.
Сенің үшін ұялып кей күндері,
Жүремін жерге қарап.

Жүре алмаймын жүректі жасқа малмай,
Жаным!
Сенсіз мына өмір тас қамалдай.
Менменсіген мына бір қуыс кеуде
Сен емессің.
Орныңда басқа адамдай.

Қандай едің сен бұрын, қандай едің?
Арайлаған ақ шуақ таңдай едің.
Құшағыңда ұмытқам дүниені,
Өз еркімен еритін балдай ерін...

Қайран күндер бүгін кеп ұмытылды,
Кеудеме кеп махаббат мұңы тұнды.
Әй, дегенмен...
Өзіңнен келем-ау мен
Ғұмырымда үзе алмай үмітімді...

БҰЛАҚ – КҮНІМ БАРАДЫ САЙҒА КЕТІП

Сезімнің кезіп баяу тылсым бағын,
Сен әлі көз алдымда жүрсің, жаным.
Таянып, құшағыңа құлайын деп,
Талай рет құлшынғанмын.

Шын сөзім
Құшағыңа құламақ боп,
Жайыңды содан кейін сұрамақ боп
Жүр едім
Амал нешік, маңдайдағы
Кете алмадым тағдырды-ұраны аттап.

Бөлек жүрміз,
Содан соң азбақ көңіл,
Қайтейін, бір жүруді жазбапты өмір.
Жарысады жылдарым сағым болып,
Сырға толы өлең мен саз қап не бір...

Күндер өтіп өзіңсіз, айлар өтіп,
Бұлақ күнім барады сайға кетіп.
Көз алдымнан кетпейді әлі күнге,
Тағдыр-желден табаны тайған етік...

Сезімімнің балауса бүршігі едің,
Өзіңді ойлам мұңаям, күрсінемін.
Маған деген мөп-мөлдір махаббатың,
Жара салды жаныма сыршыл менің...

БАҚЫТЫМА БҰРЫШ ҚОСҚАН ӨМІРГЕ...

Мына өмірде өтпелі,
Айтшы, жаным, көрсетерің көп пе еді ?
Біз табысқан сол бір күннен бері сен,
Қинауменен келесің-ау тек мені...

Баладайын сәл нәрсеге томсарып,
Өкпелейсің, жаным, неге соншалық ?
Әлі күнге келе жатсың, «ақылдым»,
Шыдамымның қалтасына қол салып.

Сенен көрер бақ-бақытым аз-ақ па?
Сенің үшін төздім талай мазаққа.
Ойланбастан отқа түсіп талай күн,
Әлі мені салып жүрсің азапқа.

Ақ сағымдай алыс қашып арманым,
Қасіретті талай мәрте қармадым.
Сақтығын да бермепті Алла өзіңе,
Екі шоқып, бір қараған қарғаның.

Шалыс басқан шақтарың,
Тізіп шықса кітап болар қап-қалың.
Ойланбайтын, опық жейтін ісіңмен,
Орнатасың отбасыңа-баққа мұң.

Мінезің-ай арнасынан төгілген,
Қарамайсың ешқашанда көңілге.
Бірақ,
Бірақ...
Мен ризамын бәрібір,
Бақытыма бұрыш қосқан өмірге!

АДА БОЛҒАН ЕСІМЕ

Кешір жаным!

Қабіріңнің басына қоя алмаймын гүл шоғын,
Сені ойласам әлі де әлдилейді бір сезім.
Мүмкін сен де егіліп, бұлтқа айналып кеткенсің,
Сосын... аппақ нөсер боп, мені бақытты еткенсің.

Сосын, сосын ақ жауын гүлге ораған маңымды,
Көрік беріп қыздырар шуақ күткен жанымды.
Ада болған есіме елесің кеп оралып,
Қасіреттің құрсауы кеткен алыс жоғалып.

Құдығына сезімнің қауға салдым тұңғыық,
Мендік арман асқақтау, бәлкім, бәлкім...тым биік.
Сенің бейнең көрініп, жүрек қайта дір қақты,
Кірпік қағып жүректе аласұрып жыр жатты.

Қара түнге қайғымды айтпақ едім күрсініп,
Көрінгенде елесің бүр жарғандай бір шыбық.
Ескі күннің елесін жаңғырттың-ау санамда,
Тылсым сырлы тіршілік...

БІР ҚАЙЫҚҚА МІНДІК ЕКЕН НЕСІНЕ?

Өзің деуші ем өмірдегі тірегім,
Сезіміңді қанат қылып жүр едім.
Сырт айналып кеткеніңді сезгенде,
Қысылғаны-ай жүрегім!

Бөтен қала, туған жерден жырақта,
Сенімен бір төзем деуші ем сынаққа.
Біз секілді ек махаббаттың шырағы,
Болмады олай бірақ та.

Өзгелерге көрінгендей ертегі,
Сол күндер-ай!
Ғұмыр неткен келте еді...
...Тал басына қонақтаған қарғалар
Мазақ жырын шертеді.

Тағдырымнан күткен кезде несібе,
Келген бақыт өзің деуші ем кешіге.
Бір арманның жетегінде жүрмесек,
Бір қайыққа міндік екен несіне?

Бар адамдар қарайтын-ды қызыға,
Неге ұрындық сұм тағдырдың сызына?
Тіршіліктің тоқсан тарау тылсымын,
Алмадық па біз ұға?

Ақ тілегін айтатын топ жағалай,
Енді күліп тұрғандайын табалай.
Кезім мұңды, соңғы күндер сұрғылттау,
Сезімімді алмадың-ау бағалай.

Мына қала тым көңілсіз, тым суық,
Жүрегім тұр түршігіп.
Сөніп барад сары уайым тірліктен,
Салқын ұрған ақ қайыңның бүршігі.

Қарақаттай мұң ұлап көзіме,
Жетем енді, туған жерім, өзіңе.
Жігерімді қайраймын да шыңдарға,
Ал, таулардан үйренемін төзуге.
Жетем енді, туған жерім, өзіңе!

САЯБАҚ

Аққудайын ақ арманды аялап,
Жүруші едік самалына саялап.
Жапырағын жоқтап жатыр, күз келіп,
Біз екеуміз қатар жүрген саябақ.

Жапырақтар жүректей жылағаны,
Қалқып келіп, жатады құлап әлі.
Жазы көшкен жанымның жайын, жаным,
Келесің бе сұрағалы?

Көңіліміз күлкі менен сырға асық,
Тұнық түнде тұрушы едік сырласып.
Селкеуі жоқ сырлы сезім, нұрлы күн,
Алыс кетті асу асып, қырды асып.

Өмір — осы, қуанышы өтпелі,
Өкініші — өзектегі өкпегі.
Келер көктем күтер бізді саябақ,
Мына бізді,
Тек өзіңді,
Тек мені...

СЕН БЕ ЕКЕНСІҢ?

Көз ілмеумен түндерім,
Төзуменен күндерім,
Сырғанайсың сынаптай.
Мен жүремін, сен еккен
Сыр-ағашын құлатпай.

Сенің бейнең — шырақтай,
Шешілмейтін сұрақтай.
Хабар берсең қайтеді,
Жүрегімді жылатпа.

Қалтыратып күз лебі,
Жаным шуақ іздеді.
Бермейтіндей бір хабар
Жүрегіңіз мұз ба еді?
Мені қайдан түсінсін,
Тырналардың тізбегі.

Жаралдым ба мұң үшін,
Тарылғандай тынысым.
Есіміңді еске алсам,
Кетеді анық тынышым.
Сыңды, жаным, қалайша
Сезіміңнің шынысы?

Ту сыртымнан соғар жел,
Осындаймын. Обал не?
Шырылдайды телефон,
Сен бе екенсің?
Жоқ, әлде...
Қалтырайды бір шыбық

Мұңға батса, бар ма айып,
Алтын түстес атырап.
Сағыныштан сарғайып,
Құлап жатыр жапырақ.

Жаным менің неліктен,
Күзден шуақ іздеді?
Үніменен еліткен
Тырналардың тізбегі.

Тереземді қағады,
Көшедегі түнек түн.
Жалғыздықтың азабын,
Жүрегіме түнеттім.

Жаным менің, сірә да,
Күз, сенімен үндес пе?!
Жүрек, үнсіз жыла да,
Сезімменен күндеспе...

Аспан жылар, күрсініп,
Баянсыздау жалғанға.
Қалтырайды бір шыбық,
Қара басы қалғанда...

БІЛШІ, ЖАНЫМ...

Сенің бейнең ғажап та ... қасіреттей,
Жанарымның жүр әлі жасы кеппей.
Өргенетін өмірді өле сүйіп,
Жүрегімді қоймадың ғашық етпей.

Осы ма еді «тартуың»,
Ғаламат күн,
Қала бердім қойнында нала-бақтың.
Сәбиіңнің бөленіп шаттығына,
Қолтықтасып жарыңмен бара жаттың.

Тіршіліктен тапқаны, талғамы — гүл,
Егіз жүрек — алдымда, арманы бір.
...Үшіншінің үкімін өзі кесіп,
Жаратқанның басыма салғаны бұл!

Тоқтатқым кеп өзіңді алабұртып,
Сезімімді сонан соң қалам іркіп.
Ақ арманнан алғаусыз арылғанда,
Сауалдардан кетеді санам кілкіп.

Жүрмін әлі бақыттың тосып әнін,
Сені сүйем! Айтарым — осы, жаным.

«Қоштасуды жазбасын құдай» деймін,
Отбасыңды ойласам... тосыламын.

Тағдырым-ай!
Мен, мүмкін, кінәлімін,
Шыңға біткен шер-шемен шынарымын.
Білмейтінім көп, білем...
Бір анығы,
Махаббаттың моншақтай тұмарымын.

Жаратқанның бағынып жарлығына,
Төземін де дүние тарлығына.
Тәубе дейін тәңірге, жаным, менің,
Бұл қалада сенің де барлығыңа!..

Тірлігімнің төнді де аспаны кеп,
Тарпаң-тағдыр дегендей «тасқа гүл ек».
Білші, жаным, әлемде бар екенін
Сенің үшін соғатын басқа жүрек...

КІМ ЕНДІ БҰҒАН АЙЫПТЫ?..

Күткенім еді — ғажайып ғұмыр,
Толғауы тоқсан тірлікте.
Жан-жағымдағы азайып күбір,
Жұпарын шашар гүл біткен.

Долы жел үзіп
үміттерімнің
жайқалып өскен желегін.
Жақындап келіп күліп керім күн,
Ғайып болған...
Бермей дерегін.

Адыра қалған армандарым-ай,
Асуға көзін талдырған.
Оңаша жалғыз қалғанда былай,
Өзегімді өрттей жандырған.

Күткенім көп-ті, алғаусыз күнім,
Бақытқа толы, байыпты.
Сезімнің жібi жалғаусыз бүгiн,
Кiм ендi бұған айыпты?

Естi деп жүрген ескiлерiмнiң,
Пиғылын көрдiм мен кеше.
Сенiмнiң тонын кескiледi мұң,
Кiмдерге сенем, ендеше?

Тiрегiм менiң — төзiмшiл көңiл,
Жаныма, мейлi, сына қақ.
Өзекке тепсе өзiмшiл өмiр,
Өлеңге барам, жылап ап.
Жұбатар өлең тұра қап...

ЖАНЫМА МЕДЕУ БІРАҚ

Сыртыңнан көрiп қалдым,
Дiр еттi кеуде тұсым.
Жолымда жолыққан мұң —
Жанымды сен де түсiн.

Жанарың өзiм ғашық,
Бұрынғы қалпында әлi.
Қалайша төзiм қашып,
Сол сезiм салқындады?

Отына өртенгенмiн,
Маздаған махаббаттың.

Іздеме.
Ерте өлгенмін,
Серті боп шапағаттың.

Түнжырлау бақты кезіп,
Келемін баяу басып.
Қолымда — ақ білезік,
Сендік сый — аяулы, асық.

Тәкаппар, биік еді,
Музадай мендік арман.
Кер-тірлік күйігі еді —
Ғұмырым енді қалған.

Жүрекке демеу — жырақ,
Тиеген нала кенін.
Жаныма медеу бірақ,
Өмірде бар екенің....

КӨКТЕМГІ ХАТ

Жайыңды ойлайтынмын талай дәйім,
Айта бер, қазір сенің қалай жайың?
Жаныңның жапырағын жайып таста,
Сезімге толып тұрған сарайдайың.

Сағыныш хатын алып көк пен жерден,
Арқаға тағы да ару көктем келген.
Толғауын тоқсан түрлі тіршіліктің,
Есіттім балбыраған көк белдерден.

Қолынан демеп әр кез құлағанды,
Мекендер мендік күйдің тұрағы арды.
Асылып алып едім мойынына,
Көктемім жасын төгіп, жылап алды.

Ақ көрпесін жамылған тоғайлары,
Сен жақта қыс ұзақ қой,
Солай ма, әлі?
Кешікпей ерте келсе, шіркін, көктем,
...Бірақ та бола бермес олай бәрі.

Жүрекке сені ғана тең етемін,
Өмірден, жаным, өзің деп өтемін.
Сен жақтың еске түссе қатал қысы,
Қалтырап қалам бір сәт...
Неге екенін?!

Жалғанның басты ұраны — жүру, білем,
Тірлік-ай, атқан оқтай, тұруы кем.
Сен жақтың сүңгі басқан суық қысын,
Жанымның жібітсем бе, жылуымен?

КӨКТЕМ КЕЛІП ҚАҒЫП ТҮР ТЕРЕЗЕМДІ

Өректіген көп аңсап өр-өзенді,
Кептірген-ді уақыт кенеземді.
Сағынышым жеткен бе құлағына,
Көктем келіп қағып тұр тереземді.

Аман жетіп көп күткен көктеміме,
Орамын кей сәтте өткеніме.
Жапырағы жанымның жайқала ма,
Көп ұрынған тірліктің өкпегіне?..

Тырсылына жаңбырдың құлақ түріп,
Үйде жалғыз отырмын жылап-күліп.
Есіме алсам сол күзді ...қалтыраймын,
Құзға бейне жіберген лақтырып.

Білсем-дағы есімнен танарымды,
Сенің бейнең торлады жанарымды.
Сен үйреттің, күлкіден алыс қашып,
Жалғыз өзім бөлмеге қамалуды.

Жаратқаным қойғандай жазып мұңын,
Кінәм менің — ұяңдау нәзіктігім.
Шартарапқа шуағын шашып болып,
Күн де батты мұңымнан қажып бүгін.

Сен болмасаң қалардай үнім бітіп,
Бір өзіңді жүремін, күнім, күтіп.
Айтпай ма екен сенің бір хабарыңды,
Телефон да қалғандай тілін жұтып.

Тірлік — осы.
Беретін сыртын маған,
Сабырымның сағаты-ай, сыртылдаған.
Ақ қайыңға барайын ауладағы,
Сен жайында сыр айтар, мүмкін маған...

КЕРЕМЕТ ПЕ ЕҢ ОСЫНДАЙ, ЖАРАТЫЛЫС?!

Қабағына қараумен қара түннің,
Қауырсынын шық басты қанатымның.
Көңіліне іріккен көздің жасын,
Көктем менің секілді өз мұңдасым.

Артып беріп арқама азап-қайғы,
Жұлқылайды долы жел, мазақтайды.
Білмейді ме сырласып, мұңдасқанды,
Тілгілейді найзағай түнгі аспанды.

Тірлігінің болса екен арты жайлы,
Бір көгершін бұтақта қалтырайды.
Әнге салса Арқаның атырабы,
Сыр айтады ақ қайың жапырағы.
Сені көріп жанымда сыз қалмады,
Қыр төсінің ер жүрек, мұзбалағы.

Ақ көбігін аспанға шашыратқан,
Өзендері-ай даламның тасып аққан.
Жан сырымды ұққандай дала тыныш,
Керемет пе ең осындай, ЖАРАТЫЛЫС?!

ОЙЛАП ТАПТЫ ОСЫНАУ САФАТТЫ КІМ?..

Жүргенімде өзіңді сүйіп ерен,
Көңіліңнің бұзылды күйі неден?
Өнім түгіл түсімде, сәл мұңайып
Сырт айналған бейнеңді жиі көрем.

Салқын тартқан сезініп өз деміңді,
Алып қаштым алаңшыл көздерімді.
Жанарымды жас шылап, күрсінемін,
Таптың екен тірліктен өзге кімді?!

Өмір заңы.
Одан қай адам аспақ?
Жабыққандай тіршілік жалаңаш қап.
Кермаралдай керілген кербез күндер,
Енді келіп...құшағын налаға ашпақ.

Күлге айналып, біз басқан тау соқпағы,
Қастерлінің қалғандай қаусап бәрі.
Қарып бара жатқандай ызғарымен,
Сен сыйлаған сол жүзік саусақтағы.

Сабыр менің сарғайтып жүрегімді,
Сары сазға батырды тілегімді.
Бал-бақытым есіктен жылап шықты,
Қасіретім қарқылдап күле кірді.

Таусылғандай сабыр мен тағат бүгін,
Әлде, менің бар ма еді ағаттығым?
Мұңға толы санайтын минуттарды,
Ойлап тапты осынау сағатты кім?..

Қала.
Көше.
Қар жауды көктен бүгін,
Жырлап айтып сағынып жеткендігін.
Түріп алып тонымның ақ жағасын,
Аңсап келем көшеде көктем күнін...

СЕЗІМІҢНІҢ ЖЫЛЫТШЫ, ШОҒЫМЕНЕН...

Шыт көйлегі желбіреп жабығыстың,
Қылаңытты бейнесі тағы қыстың.
Жанардағы тамшысы мұзға айналды,
Саған деген мөп-мөлдір сағыныштың.

Еркелетіп, айтушы ең «елігім» деп,
Бақытымның тұрушы ед белі гүлдеп.
Өкініштен өзімшіл өкіл келіп,
Осы күні тұрады мені күндеп...

Жапырағын жоқтаған бақта мына,
Ораамын сонау бір шақтарыма.
Қос көгершін жем терген қатар ұшты,
Мекеніне, зәулім үй жақпарына.

Ғашық едім, жаныңа, түр-түсіңе,
Асық еді ел қос ғашық күлкісіне.
Мұңымды айтам бүгін кеп,
тағдырымның
Сезім отын өшірген сілкісіне.
Өткен күнді, келмеске кеткен күнді,
Жанып біткен сіріңке шырпысы де.

Қайран күндер, көп еді-ау ғажайыбың,
Менің-дағы, сенің де аз айыбың.
Қабағынан көктемнің қайғы көрдім,
Жанарынан жас көрдім жаз айының.

Және болды жүрегім езілердей,
Махаббаттың жүр-дағы кезі келмей.
Сүю деген сыйы ғой жаратқанның,
Мен өлмеспін, сірә да, сезім өлмей!

Сағынышым жаныма толып ерен,
Төгіледі...
Сонан соң болып өлең.
...Қара суық қарыған жүрегімді,
Сезіміңнің жылытшы шоғыменен...

СЫЙЛАҒАН ҒАЖАП ӨЗІМЕ ГҮЛІҢ...

Қуаныш күткен көктем-көңілім,
Жұбаныш тапты өзіңнен.
Өксікке толы өткен өмірім,
Сәттерді күткен төзіммен.

Жаз-жанарыңнан төгілген нұрың —
Бақыттың бұла — бұлағы.
Сыйлаған ғажап өзіме гүлің,
Шаттықтың жанған шырағы.

Сезімнен ұшқан ұшқындарыңнан,
Келешек көрдім керемет.
Сезіммен мені тұтқындадың ба,
Өзіңдей қай жан елемек?!

«Сүйемін» деген сөздерің сенің,
Адалдығыңның антындай.
Өмірімдегі өзгеріс едің,
Жанымды арбаған жарқылдай.

Таба алмай сені таң күзеткенмін,
Тау-тасқа соғып басымды.
Сұрауы деп біл, сансыз өткелдің,
Жанарымдағы жасымды.

Тағдырдың «сыйы» — тамшы мұнымды да,
Тапсырдым сенің қолыңа.
Жанға айтпайтұғын жан сырымды мына,
Төсейін, жаным, жолыңа...

Көңілдің биік көк беліне кеп,
Тағатын тауып тұр жаным.
Өткеніме де, жеткеніме де,
Рахмет, өмір, ырзамын!..

СЕНІ ОЙЛАУДАН ЖАЛЫҚПАДЫМ

Сезімменен үндесемін,
Төзімменен күн кешемін.
Жүрегіме үңілмесең,
Жапсарымды білмес едің.

Сезіміммен биік тұрмын,
Сел боп көктен құйып тұрмын.

Сені ойласам, жүрегіме
Алам жиып... үйіп бір мұң.

Сезіміммен нәзік едім,
Сәл мұңдылау сазым менің.
Көк аспанға шаттығыммен,
Есіміңді жазып едім...

Сезіміммен қалықтадым,
(Қайда менің алып бағым?!)
Көңліме көрік берер,
Сені ойлаудан жалықпадым.

Сені ойлаудан жалықпадым...

ТЕК ЖҮРСЕМ БҰЛАЙ ЕТПЕС ЕМ

Айналып құмға айналам,
Тірлігім тамыр жаймаған.
Жүрегім іздеп табады,
Қай жерде мұң бар, қайда алаң.

Қаладан сырлас дос таппай,
Көлбеңдеп келем бос қаптай.
Әне бір «текті сырласым»
Жүре алмайды-ау, сірә, төс қақпай.

Даладан мұңдас жан таппай,
Сезімім талай сан соқты-ай!
Адымды әрбір аңдыған,
Тікені қалың жантақты-ай!..

Кешегі көрген кеңесім,
Әкелді бүгін егесін.

Қабағын баққан құзғынның
Қарынбай маған не десін?!

...Тек жүрсем бұлай етпес ем,
Күндерге талай кетті есем.
Тірлікті тастап өзіңе,
Аспанға енді кетпесем!..

СУРЕТІҢМЕНЕН ТІЛДЕСІП

Өзің барыңда жанымда,
Бақытым менің еңселі.
Тұнжырлау, тылсым шағымда,
Айналып табам мен сені.

Ғарыштық ғажап жылдамдық,
Төмендеу мендік сезімнен.
Біздерді күдік тұрды аңдып,
Сәттерді күтіп... езілген.

Алғаусыз арман алаулап,
Шақырса-дағы бағына.
Жанарымнан жаз тағы аунап,
Тау-үміт қалды шағыла.

Жандағы сылып сызатты,
Тербетер баяу жыр-бесік.
Отырам үнсіз, ұзақ түн,
Суретіңменен тілдесіп...

Тербетіп баяу жыр-бесік...

АҚҚУ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ


Тылсым сырлы пішінде,
Түнжырай ма, әлі аспан?
...Аққу көрдім түсімде,
Айдынынан адасқан.

Арлы құсым, аяулы-ақ,
Жел сындырған бақ туын.
Сыңсытады баяулап,
Мұңға ораған «гәккуін».

Сыңары өлген айдыны
Долы дауыл тілеген.
«Сыйға беріп» қайғыны,
Жұдырығын білеген.

Айдынды ұшты айналып,
Көретіндей сыңарын.
Көңілі содан жайланып,
Тарқатардай құмарын.

Сыңар құсын сарылып,
Күтті, күтті.
Жүдеді.
Сағыныштан жарылып
Кетті сосын... жүрегі.



КӨЗІМНІҢ ЖАСЫН ҰРЛАДЫҢ...

Майда қоңыр...қоңыр түн,
Кейде салар мұңлы әнім.
Құрғандай бір торын шын,
Көздің жасын ұрладың.

Ашылмай қалды-ау бұлақтың,
Мөп-мөлдір тұнық көздері.
Шертілмей қалды-ау жүректің
Көп сырға толы сөздері.

Қияқтанып ай да тумады,
Сағыныш сазын үдетті.
Қаланың сансыз шулары
Санамды менің жүдетті.
Санамды менің жүдетті.

АҚҚУЛАР

Қайтқан күннің жүзінен мұңды көрем,
Жоғалтқандай әлемнің сырын терең.
Айдын-көлден айрылып зар илеген,
Құса болған аққудың жанын сезем.

Тіршіліктің әр сырын жаның ұғар,
Өмір жанған шырпыдай өте шығар.
Айдынында шалқыған аққу-жырдың,
Қанатында қалқыған өз сыры бар.

Өзі үні бар дүние-ай кереметсің,
Айдын-көлдiң зарлы үнін ер тербетсін.
Қос аққудың ақ уыз махаббаты,
Шын сезімтал ер жүрек ерге бітсін.

СЕНІҢ МҰҢЫҢ ӨЗ МҰҢЫМНАН ЖАҚЫН-АҚ

Өмір бізді астына алып талқының,
Басымызға салса-дағы салқынын.
Сезімімнің сөндірмедім шырағын,
Сенен үміт үзген жоқпын, алтыным.

Сені еске алсам аққу құс боп самғайды ән,
Әр таң сайын күн боп сүйдің маңдайдан.
Күрсінемін, күліп тұрған әлемде,
Сенсіз өткен күндерімде қалмай мән.

Сен екенсің тіршілікте тірегім,
Сені ойлаумен сыздады кеп жүрегім.
Мөлдір тамшы тамып кетті жас болып,
Сені аспан да сағынады, білемін.

Бірге кештік айлы түнде тұнықты,
Жан сырымды мына сендей кім ұқты?!
Қара түннің қабағынан сескенбей,
Тал шыбық тұр
Ертеңінен үмітті.

Сезінсем де күз демін,
Сенсең маған-сенен үміт үзбедім.
Қасіретті қарсы алғанмын тайсалмай,
Шаттығыңды ұсынады бізге кім?!

Сағынышым өсіп жатыр сатылап,
Сенің мұңың-өз мұңымнан жақын-ақ.
Раушан гүлін қашан сыйлар екенсің,
Гүл өсірген ана ағайдан сатып ап.

Алыс қашқан арманының айбыны,

Мен бе екенмін шаттығына сай мұңы?
Оралуда құстар туған өлкеге,
Ораласың, жаным, қашан?
Қай күні?..

ӨМІРІМЕ ҚЫЗЫҚПАҒЫН ЖАРАЙ МА?

Құрандайын жаттап әрбір сөзіңді,
Сеніп саған, қияларға беттедім.
Орда бұзар ер деуші едім өзіңді,
Орта жолда қалдырғаның-неткенің?

Жерді құштым.
Жол ортада қалдым мен,
Арманымның аударылып арбасы.
Жұрнақтайын белгі қалмай бал-күннен,
Болмай қалды бақытты әннің жалғасы.

Құлағанмын мен осылай биіктен,
Жанарымнан сансыз жұлдыз шашырап.
Көк аспан да көп жылады күйіктен,
Қасіреттен қабарды кеп атырап.

Ерке самал құрғатпақ боп жасымды,
Аймалады албыраған бетімді.
Тірлік менен тәттілерін жасырды,
Ащыға мен құмар адам секілді.

Құлағанмын.
Естен тандым бірауық,
Сүйретіліп тұрдым сосын аяққа.
Адалмысың?
Деме мені жылауық,
Тірімін мен.

Төздім тағдыр-таяққа.
Шапағаттың шуағынан безер кім?
Басымды ием қол жетпеген арайға.
Өлеңіме тамсана бер-өз еркің,
Өміріме қызықпағын.
Жарай ма?..

СЕН БОЛДЫҢ ҰРАНЫМ

Ойымнан кетпедің,
Түнде еніп түсіме.
Сабырды шектедің,
Байлау боп ісіме.

Көзіңнен әрдайым,
Жылылық саулаған.
Алыстап бар уайым,
Жанымды баураған.

Биікке беттедің,
Кетпедің ұсақтап.
Тұрасың тек мені,
Сезіммен құшақтап.

Тағдырмен келген мұң,
Салғанда сынаққа.
Жанымда сен болдың,
Кетпедің жыраққа.

Баянды бағымда,
Бақытқа бас ұрғам.
Шаттанған шағымда,
Табылдың қасымнан.

Өкпекті өмірде,
Сен болдың ұраным.
Нұр септің көңілге,
Махаббат-тұрағым.
Сағынам сөзіңді,
Өзгеден көп артық.
Тірлікте өзіңді,
Алмайын жоғалтып.

ТАСТАЙ АЛМАН ЖЫРТЫП МЕН...

Өмір-осы, салған талай тепкіге,
Ауыздық сап азабына жекті де.
Сезімдегі найзағай ед, көз жұмды,
Қарсы келмей жүректегі екпінге.

Жер-ананың жүрегіне тұнады ән,
Пәк табиғат ары таза күнәдан.
Құрсағымды құлындайын тепкілеп,
Жырлар жатыр жылаған.

Күндер мына сағатымды ұрлаған,
Түндер жатыр қызығымды жырлаған.
Сен ай болып, мен күн болып көктегі,
Сырғып жатыр сырға толы бұл ғалам.

Сезім жатыр сырмен бірге тамшылап,
Зәремді алды қатыгез қыс қамшылап.
Ақ моншағын тағынғанда көк аспан,
Кетті ойларым ақ санамды сан шылап.

Жүзден күлкі, жас тайдырып кірпіктен,
Күндерім-ай! Ертеңінен нұр күткен.
Қайтем енді? Өткен өмір беттерін
Тастай алман жыртып мен...

ЖЫР-СЕЗІМ


Жыр-дүниеге оранған аққұба қыз,
Көктем гүлін керуенмен ала келдің.
Сылдырлаған шашбауың елді оятып,
Сиқырлы саз әуенін сала келдің.

Қыс аймалап көктемнің таңғы лебін,
Сері жігіт сүйеге табады ебін.
Сары шымшық шықылдап өсек айтып,
Қара түнге жаяды барлық сырын.

Өткермеген өмірді, күнді қаяу
Жүрегі нұр ару қыз, тірлігі ояу.
Іңкәр сезім сел болып ақтарылып,
Айдын көлде қалқиды түрлі бояу.

Сері жігіт ағытып сыр тиегін,
Ару қызға ақтарар күйлі шерін.
Қоштаса алмай бір соғып екі жүрек,
Сезінеді махаббат жылы лебін.

Осы сәтте көк белден арай шашты,
Қыс қылышын сүйретіп ала қашты.
Махаббатқа мас болған сері жігіт,
Қыз аруды шын қимай бара жатты.



ҚАҚПАҢДЫ АШШЫ, КЕЛЕШЕК!..

Есімде әлі, еркелеткенің,
Жаныма жылы сөз айтып.
Көңілдің белін көркем еткенің,
Мұңымды менің азайтып.

Қолаң шашымды тарадың еппен,
Саумалдың иісі көп сіңген.
Төгілді жанға мол ағын көктен,
Беймәлім сезім тепсінген.

Сонда мен, жаным, көзіңнен көрдім,
Ақ шыңын биік арманның.
Тізгінді сосын... сезімге бердім,
Тым, тым алыста қалған мұң.

Ақырын ғана көзімнен өптің-
Жанарым тұнды шаттыққа.
Ұяңдық қалып, сезімге кеттім,
Балаңдығым-ай, аптыққан.

...Қонғанбыз талай құла түздерге,
Болмаған бізде тең есеп.
Егіз лебізді мына біздерге,
қақпаңды ашшы, келешек!..

МҰҢ СЫЙЛАДЫҢ МӨП-МӨЛДІР

Ел қуанса, менде мұң,
Сатулыдай, күлгенім.
Парықсыздау пенденің,
Бірі ме едім?
Білмедім.

Сондай сәтте қысылып,
Өп-өтірік күлемін.
Жаным содан ұшынып,
Қысылады жүрегім.

Адамдар ғой, ел сендей,
Артықпын ғой деп пе едің?
Көңілім содан кемсендей,
Жабырқап жан- көктемім.

Бағым ба еді?
Сорым ба?
Атын оның ән қылып.
Бір арманның соңында
Кеткен едім мәңгілік.

Жүрек үні — ар, бұзба!
Күтуменен солды үміт.
Сегізінші наурызда,
Гүл сыйлаған... сол жігіт.

Содан көңіл-дүрбелең,
Сені ойлаумен өтті өмір.
Гүл сыйладың.
Гүлменен
Мұң сыйладың мөп-мөлдір.

Ерте аштырдың есігін,
«Арман» атты ақ таудың.
Гүл қураған.
Есімің
Жүрегімде сақтаулы.
Ұмытпаймын әлі күн,
Есіміңді жаттауды...

ТОРЫҚҚАНДА ТАУҒА АСЫҚТЫМ

Барша қазақ бас иетін
Өзіңде өстім, мұңды ұқпадым.
Тамған екен, қасиетті
Ұлытауға, кіндік қаным.

Алты Алаштың дүйіміне,
Ұқтырып ең ұлылықты.
Көп қараушы ем биігіңе,
Сезіп рухты, жылылықты.

Тауға қарай тәй басыппын,
(Айтады әлі асыл анам).
Торыққанда тауға асықтым-
Жасымаған, тасымаған.

Соқпақтарда сан құлағам,
Иыққа өмір теңдеп жүгін.
...Сезіп едім тау жуадан,
Кемшін-күннің кермектігін.

Тағдыр-теңіз.
Қайықпенен
Жүзіп келем, ескегі жоқ.
Сағындырсам-айып менен,
Күткенінен кешкені көп...

Үзбей үміт-күдерімді,
Жыламасын айға налып.
Ұлытауым!
Жігерімді,
Бір өзіңе қайрап алып
кетем әр кез, бауырыңнан
Жалған жайлы жайға қанып...

ҰСЫНАР МА ЕКЕНСІҢ?..

Ұсындың да балмұздақ,
Күліп тұрдың... сен неге?
Сәл ыстықтап, сәл мұздап,
Қылық-құрдым пендеге
Ұқсадым ба?
Білмедім.
Сонда сенің күлгенің,
Әлі есімде жүр менің...

Қарап менің көзіме,
Жымыып ең, жай ғана.
Бір жылылық сезіп ем,
Кеңіп кетті айнала.
...Жүрегіме шоқ салдың,
Тілегіме сай бала!

Сол балмұздақ!
Тәтті еді,
Дәмі кетпес ауыздан.
...Айырды өмір «әттеңі»,
Ашылмай-ақ қауыздан.
Соққы алғанмын осылай,
«Жалған» атты жауыздан.

Жалғандағы жалғыз бақ,
Қасіретке-бекемсің.

Жер бетінде жалғыз қап,
Шыңға соқтым шекем-шын.

...Қайта оралып, балмұздақ
Ұсынар ма екенсің?..
Қаптыратын өмірем,
Мына өмірді не етерсің?!

КІЛТІ ЖОҒАЛТЫП АЛДЫМ. КЕШІР (Сенің әңгімеңнен.)

Арман-айдын.
Дайын еді кемеміз,
Жүрегіме жазылып ед есімің.
Қалай болды?
Ажырадық неге біз,
Қатты жауып бақыт-бөлме есігін.

Аспанымнан алыстады құс әні,
Нәумез-тірлік бізге ысырды наласын.
Босағада, боп-боз болып түс-өңі,
Жаутаңдады екеумізге жарасым.

Төрімізде осы сәтте құт тұрған,
Айналаға себезгілеп мейірім.
Қатты шыққан сенің даусың ықтырған,
...Көңіліңнің шын таныттың «пейілін».

Кілт жоғалттың.
Ырым еді бұл қандай?
(Жақсы емесін көңіл құрғыр сезгендей).
...Кемемізді құрдым жаққа бұрғандай,
Осы күні ойға салсам безбендей.

Өзге бақыт бізге қайдан бас ұрсын,
Сорға айналды сезімдердің тұнығы.
Кілт жоғалды.
Сосын қайдан ашылсын,
Көңілдердің қырық бұрау құлыбы?

Тұнжыр көктен жауын болып төгілдім,
Адыра қап тірнек-тірлік байыбы.
Құлпы жабық әлі, мендік көңілдің,
Өзге кілтке ашылмайды-айыбы.

...Мұнар-қала.
Кезіп келем көшені,
Жаным жүдеу, артсын енді бағам қай?
Сенсең, жаным, сорым әлі бес елі,
Сен жоғалтқан сезім кілтін таба алмай...

КӨШІРМЕСІ-МЕНДЕ ЕКЕН

Қиялымды күйреткен,
Адасуды үйреткен.
Пайда бар ма, ей, өмір,
Бақытқа алған билеттен?

...Шара толы шаттыққа,
Сәттерім-ай, санаулы.
Ақ көңілім аптыққан,
Көрмеген еш қанауды.

Адалдық ед-ұраны,
Сол асыл жан... құшақтар.
Әуежайда тұр, әне,
Мені күтіп ұшақтар.

Шаттығым ба, көп тізбек?
Тартпас мәңгі бой-ызғар.
Вокзалдарда жеткізбек,
Мені алысқа-пойыздар.

Біледі күн, ай ғана,
Кетерімді қай жаққа.
Тербетіліп жай ғана,
Ақ кеме түр- айлақта.

...Ұзақ тұрғам кезекке,
Билет алғам... ақшаға.
Өкінішім-өзекте,
Жанарымда-жас қана.

Түйілдірді түйдек-мұң,
Жанды кімге емдетем?
...«Бақыт» атты билеттің,
Көшірмесі-менде екен...

ЖҮРЕКТЕГІ

жазулар



СЕНЕН ҚАЛҒАН МЕЙІРІМНІҢ САҢДЫҒЫ...

Асыл әжем Ақбөпе Бәйтенқызының рухына
арнаймын

Ұлағатың болып бізге ұлы ұғым,
Аяладың бала-көңіл тұнығын.
Сенен қалған мейірімнің сандығы,
Ешбір адам аша алмай жүр құлыбын.

Қолыңызға бермейтұғын дертені,
Өмір деген қандай шолақ, келте еді?!
Бауырыңа басып алып біздерді,
Ұзақ түндер айтушы едің ертегі.

Жолын тілеп аққудайын арлының,
Тыңдайтынмын талайлының зар-мұңын.
Өркөкірек қауып әр кез өмірем,
Жігерлі жас жеңетұғын барлығын.

Содан кейін сүйіп мені ақырын,
«Арлы бол» деп айтатұғын ақылын.
Ертегінің бір қуандым ерімен,
Тапқандай боп көп күтгірген жақынын.

Күлшелінің батпандайын бағы бар,
Пеңде-өмір — ай!
Тіршілікке бағынар.
Жылу шашқан сенің алақаныңның,
Маңдайымда әлі күнге табы бар.

Сан адамды салатұғын сынаққа,
Мына тірлік толып кетті-ау сұраққа.
Сен де кеттің мәңгіліктің еліне,
Мен де кеттім арман қуып жыраққа.

Арманымды ақ жолымнан жарып ап,
Теріс қарай домалады тары-бақ.
Өткен күнді көп ойлаймын мен бүгін,
Өлеңімді өлі түнге малып ап.

Тіршіліктің пендесіне сыйы не?
Құлақ қойып мәңгіліктің күйіне,
Айдалада аңызға жел кептірген,
Келіп тұрмын ай құлақты үйіңе
...Сеніп тұрмын бақилықтың күйіне.

ҰЛАҒАТТЫҢ ДІҢГЕП (әкеме)

Маң далада мұңға батқан мұнар шың,
Тіршілікте арқа сүйер тіреуім.
Түн баласы тілеп жүрген шығарсың,
Өлең іздеп кеткен қыздың тілеуін.

Дегендей-ақ «қай мықтыдан кем едің?»
Қу тіршілік салды талай салмағын.
Қалған сәтте қолтығымнан демедің
Қиындықтан жер баса алмай қарға адым.

«Кісілігі» маған аян қаланың,
Ойлы адамын жалын қақтар, от ұрып.
Қаламымды қара түске маламын,
Өлі түннен өлең іздеп отырып.

Сезіміммен келе жатқан жалғасып,
Мендік арман асқақтау ма, саяқ па?
Өлеңімнің өзегіне жармасып,
Ит тірлік кеп оралады аяққа.

Жабылып кеп жалбыр төбет талады, ә,
Талай күнде кетті есем.
Тас кереңдер мекен еткен қалада,
Сені аңсадым.
Ауылға ертең кетпесем...

ЕРТЕГІНДІ ЖҮРМІН ӘЛІ САҒЫНЫП... (анама)

Аппақ арман қамап алған санасын,
Айналайын, анашым!
Қара өлеңнен құс ұшырды өзіңе,
Балапаның, сыр кернеген санасын.

Құс ұшырдым көк аспанға тым биік,
Тылсымына бойлай білсең тұңғыық.
Өзегінде өрт жайлаған өкініш,
Жіберердей жүректерге мұң құйып.

Ібіліс кеп соқтығардай ісіме,
Жаратқанның не шара бар күшіне?!
Мейіріммен маңдайымнан сипадың,
Өзің еніп түсіме.

Келешектен мөлдір моншақ тағынып,
Жүрегіме жыр келді, әне, ағылып.
Қиялыма бітіретін қос қанат —
Ертегіңді жүрмін әлі сағынып...

БОРЫШ

Бір өзіңе тең келетін жан бар ма ?
Асығамын жолығатын таңдарға.
Асыл сезім сағынышсыз өмірде
Күн кешуде айтшы, осыда мән бар ма?

Саған деген борышым бар өтеусіз,
Оның шегі біле білсең өтеусіз.
Саған деген үлкен сезім алауы,
Таудан биік, бұлттан биік сенсеңіз!

Жанарыңнан шуақ төгіп жаныма,
Сен айналдың сөнбейтін бір жалынға.
Дархан пейіл, маржан көңіл сөздерің,
Қуат құяр ыстық менің қаныма.

«АНА» ДЕГЕН ҚҰДІРЕТТІ ТАНЫП АЛ!

Жақсылықтың шырағы боп жағылар,
Жанарыңда ізгіліктің табы бар.
Қасиеттің қызыр қонған қиясы-
«Ана» деген құдіретті танып ал!

Ақ теңізге теңер едім пейілін,
Жанарыңда-жаһандағы мейірім.
Адамзатқа әр кез нұсқап тұрады ол,
Адалдықтың ақ тулы асыл биігін.

Табындырған тылсым күшпен бар елді,
Айтқан сөзі бата дерсіз дәлелді.
Бір қолымен тербетеді бесікті,
Бір қолымен тербетеді әлемді.

Мен анадан үйренгенмін елдікті,
Мен анадан үйренгенмін ерлікті.
Мен анадан үйренгенмін теңдікті,
Мен анадан үйренгенмін кеңдікті.

Ұлылығын барлық әлем ұғынған,
Ақылына абыздар да жығылған.
Кебініне қайта кіріп кесірілік,
Жәдігөйлік жар астына тығылған.

Мейірімен мына әлемді кеңітіп,
Жамандықтықтан жібереді жерітіп.
Жаныңызда жан білмейтін тоң бар ма,
Анаң оны жібереді ерітіп.

Мұнар басқан мұңға толып әр күнің,
Күнін кешсең қуанышқа жарлының.
Анашыңның қасиетті құшағы,
Ұмыттырар, ұмыттырар барлығын.

Ақындар да туады екен анадан,
Батырлар да туады екен анадан.
Ақ жаулықты, ақ пейілді ананың,
Өнегесі өшпес мәңгі санадан.

Бойға құйған мейірім мен күш-ағын,
Кім аңсамас, анасының құшағын?!
Тарихымнан сыр тартсаңыз, салмақпен
Тартады алға ана жайлы мысалын.

Асыл ана!
Біз жүрейік табына,
Жаса мәңгі, бар адамзат бағына.
Қалам беріп, өтінсеңіз «жыр жаз» деп,
Ана жайлы жазар едім тағы да.

АР ТЕҢІЗІН БЕТКЕ АЛҒАН КЕМЕ ЕДІҢДЕР

(Ардақты әкеме және асыл анама)

Құшағыңда ешқашан болмай түнек,
Қиясына қиялдың самғайтын ек.
Асқарына алпыстың келдіңіздер,
Қандай тілек айтайын, қандай тілек?

Назар салып оң-солға, қас-қағымда әр,
Адалдықтың жолынан аспадыңдар.
Балапанын баптаған қырандайын,
Биіктерге біздерді бастадыңдар.

Тектіліктің тауына тең едіңдер,
Ар теңізін бетке алған кеме едіңдер.
Мен құласам, жыласам — жұбаттыңдар,
Мен сүрінсем қолтықтан демедіңдер.

Бәйгесінде өмірдің құлап-тұрып,
Қара өлеңді сүйіп ем жылап тұрып.
Қолдадыңдар, тек мені қорғадыңдар,
Осы екен ғой, қамқорлық — тұрақтылық.

Бағбандайын өсірген тал-қайыңды,
Көп сұрадың қиналсам хал-жайымды.
Тосып келдің тұрлаусыз тіршілікте,
Мені тепкен тепкіге маңдайыңды.

Сезіміңнен ғажайып сезем үлгі,
Аямадың бір менен сөз-еміңді.
Ұл-қызыңа құдайым қажет қылса,
Берер едің суырып өзегіңді.

Серпіп тастап мұң басқан мұнарымды,
Мәпеледің шыңға ынтық шынарыңды.

Түнжыр түнде кейде ұзақ отырамын,
Ойыма алып алғысың-тұмарымды.

Баса алмастан ақеділ аптығымды,
Мен қуансам, бөліскен шаттығымды.
Тамылжыған таң күтіп Жаратқаннан,
«Бұлт шалмасын» деп тілер бақ-күнімді.

Қасиеттің иесі — қарағайым,
Пейілдерің дархан ғой даладайын.
Бағалаған сендерді дара дәйім,
Қуанышты бөліскен бар ағайын.

Ақ құсымның тұратын сүйіп үнін,
Көңіліңнің төгілсін күйі бүгін.
Атыңыздан, ата-ана, айналайын,
Ақ ордасын жықпаған пейілінің!

Өнегелі ұзақ боп өмірлерің,
Толы болсын шаттыққа көңілдерің.
Ұрпағыңа ұлағат сіңіре бер,
Қабыл болсын ақ тілек небір керім!



ӨЗДЕРІҢМЕН СЫРЛАСАМ

Арманыма бағыт беріп өсірген,
Сәби ғұмыр жолы жатыр көсілген.
Асыл әкем, аялаған анашым,
Кінәм болса -кешірген.

Бүгін, әке, тағы келдім ұяма,
Биіктерге құлаш ұрған қияма.
Көрген сәтте ұлағатты ұясын,
Ақын-жүрек көздің жасын тия ма?
Тура жолдан таймайтұғын жалғанда,
Самайыңды, әке, ақ қырау шалған ба?
Балапаның қолдау күтер әлі күн,
Қанаттары талғанда.

Әр сөзіңнен, шежіреңнен сыр ұқтым,
Әділдігің-ісі сынды ұлықтың.
Сен ұқтырдың қасиетін биіктің,
Сен ұқтырдың қасиетін тұнықтың.

Жүрсем-дағы жырақта,
Асыл әке, мойымадым сынаққа.
Қара өлеңге таңылулы тағдырым,
Жауап табар, сенем, талай сұраққа...
Өсиетің санамда да, құлақта...



БІЛЕСІҢ БЕ, ЖАН ЖАРЫМ...

Білесің бе, жан жарым,
Өмір деген құйындай.
Кейде ауаны қармадым,
Көзім жасы тыйылмай.

Жүгі ауыр-ақ өмірдің,
Талдырады иықты.
Көгершіні көңілдің,
Қаталдықтан бұйықты.

Тарпаң екен тіршілік,
Танытпайды кішілік.
Күн тұрады күрсініп,
Сезім гүлін үсіріп.

Күлкіден де тыйылдым,
Жауабы аса қиын мұң.
«Қазына емес, сезім бер»
Деп тәңірге сыйындым...

ҰЛЫМ ШАХМАРДАНҒА

Уақыт-ай, сынаптай,
Желкілдеген құрақтай,
Өсіп келе жатырсың,
Үмітімді құлатпай.

Теріс қылық жат болып,
Көңілің әр кез шат болып.
Жүрсең екен, құлыным,
Басыңа әр кез бақ қонып.

Гүлге толса өмірің,
Шаттанады көңілім.
Келешегің-қолыңда,
Балапаным, соны ұғын.

Қадам басып теріске,
Бетті бұрсаң еңіске,
Бағалайды өзіңді,
Алғысыз деп ел іске.
Жақын жүріп түсі аққа,
Араласпа ұсаққа.
Адалдарды мына өмір,
Қаусырады құшаққа.

Сақтап көңіл тұнығын,
Адалдықтан сыр ұғын.
Ақта анаңның үмітін,
Айналайын, құлыным!

ҚАРАҚАТҚА – ҚЫЗЫМА

Сен қуансаң-мен де, жаным, шаттанам,
Шаттығыңнан дариядай бақ табам.
Шуақ күнге басын иген балауса,
Айналайын, ерке қызым, ақ балам!..

Қара түннен қоюырақ мұңы тым,
Анашыңның сен үкіле үмітін.
Саған айтам айтарымды, ерке қыз,
Сенен басқа түсінеді мұны кім?

Жаратқаным адал жанды қолдаспақ,
Жақсы жанға қашаннан-ақ жолдас-бақ.
Бір өзіңді, айналайын, келемін,
Қанатымның астына алып, қорғаштап.

Аспанымнан ақ жұлдыздар жиі аға,
Көңіл құсы көкжиекке сыя ма?
Сенің асыл анашыңның арманы-
Қанат қағып, ұшсаң болды қияға.

Бағамдап ап келешектің келбетін,
Ақылыңмен гүлге бөле жер бетін.
Мақтаны бол ұлағатты ұлтыңның,
Жанашыр бол Алаштайын елге шын.

Сен қуансаң-шегінеді мұңды күн,
Бір өзіңе арналғандай жыр бүгін.
Болашағың толы болсын бақытқа,
Қарақатым, айналайын, құлдығым!



АРНАУ

асуында



ЕКІ АУЫЗ СӨЗ АЙТАТЫН ЕР ҚҰНЫНА...

(ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы
Мәми Қайрат Әбдіразақұлына)

Абыздар-ай, ден қойдың жер мұңына,
Айтқаныңа тұратын ел бұрыла.
Кіндігіңнен киелі ұл тарады ма,
Екі ауыз сөз айтатын ер құнына?

Жылжиды жыл, шапқылап желекті күн,
Өткен күннен өшпейтін дерек-мұным:
Бабалардың киелі қасиеті,
Ұрпағына қалуы керек-тұғын.

Адалдықтың ақбозын дара мініп
Бір ер шықты, танытып дана қылық.
Жүгінеді жұрт оған сан ағылып,
Ер қадірін жатады дала біліп...

Дауылын да көп көріп, жауынын да,
Өскен еді Жамбылдың ауылында.
Ұлылықты ұғынған жүрегімен,
Бір кие бар сол ауыл қауымында.

Туралықтан тірлікте тайынбаған,
Азаматтың сан ісін пайымда, адам.
Бас имеген басқаға осы азамат-
Қазағының дәстүрін мойындаған!

Жанып жігер қылышын намысына,
Ізгілік деп жүреді жан ұшыра.
Туралықты айтқанда тіліп бетке,
Ұқсайды анық бейне бір барысыңа!

Ақ пейілге шығармай өктем үнін,
Қалдырмаған ешқашан көп көңілін.
Қасиеті аманат көк тәңірден,
Көк бөрінің ұрпағы, көк бөрінің!

Шырайланып тірліктің шат күнінде,
Босағадан бері аттап, бақ, күлімде!
Асылдығын сездіріп Алашына,
Алмас кездік, жатпаған қап түбінде.

Қонған екен қасиет көнелерден,
Туралықты, сірә, оған Төле берген.
Әділдігі-аманат Әйтекеден,
Өр намысты көрсеңіз өрелі ерден.

Дауысының сиқырлы сазы жеткен,
Шешендігі дарыған — Қазыбектен.
Өмірінің тосылмай өткелінен,
Көңілінің қосылған жазы көкпен.

Көз салмайды шығасы-аласыға,
Сабырлылық түнеген санасына.
«Әділдікті ту ет, — деп тірлігінде»,
Айтатындай бар қазақ баласына...

БІР АҒАМ БАР, ЕЛ СЕНІМІН АҚТАҒАН...

(ҚР Жоғарғы Сотының судьясы
Құрықбаев Әділ Жамбасбайұлына)

Адалдықтың ақ құстарын баптаған,
Бір ағам бар, ел сенімін ақтаған.
«Ептілермен» тірлігінде егесіп,
Тектілер мен әділдікті жақтаған.

Тұтастықтың туы менен тиегі —
Жалпақ елді жаныменен сүйеді.
Мұқағали музасымен сырласып,
Тәу еткен-ді топыраққа киелі.

Талғамы оның бағалырақ асылдан,
Ақ ісіңе, жақсы ісіңе бас ұрған.
Тереңдікті алды ма екен теңізден,
Өткірлікті алды ма екен жасыннан?!
Ақылды елді елден ақылдан.

Рухымның табан тірер тірегі —
Тілім үшін тілімденген жүрегі.
Қазақтығын-ғажаптығын мақтан қып,
Азаттығын кие көріп жүреді.

Алқа бидің жиынында алқалы,
Асыл ағам асуларға тартады.
Қайдан болсын жанына оның тыныштық,
Қадалса елге қараулықтың жантағы.

Ақ-қараны жүреді әр кез саралай,
Аңсамады Алашынан дара жай.
Ақыл айтса, қариядай сұңғыла,
Туған елдің құшағында баладай.

Жүрегіне жинап жаған жарығын,
Байқатады бейдауаға қарымын.
Шаттығына шаттанады елінің,
Ақтығына мақтанады арының.

Деген жансыз «жақсылықтан гүл өрем»,
Арқалыға атар талай күн ерен.
Аға жайын айтпақ едім Алашқа,
Қаламымнан туды осындай бір өлең...



ӘДІЛДІКТІ ЕТІП ЖҮРСІҢ АЛДАСПАН...

(ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Шегенов
Моряк Смағұлұлына)

Тұла бойын тектіліктен құраған,
Жаратқаннан тек адалдық сұраған.
Көңілінің тазалығы мақтадай,
Мақтанатын бір ағам бар, бір ағам!

Тура жолдан таю оған-жат ырым,
Төле бидің қондырғандай ақылын.
Салмақтылық — Сарыарқаның сыйы оған,
Адал жүрген, анық басып, ақырын.

Асылдарға ақ зер арман — тиесі,
Жаратқаннан жеткен, міне, сый-осы.
Қолдап жүр деп сенем, әр кез ағамды,
Қаз дауысты Қазыбектің киесі.

Әсем ән мен жалын-жырды толғаған,
Ағатайым,
Үлгі-өнегең зор маған.
Әділдікті етіп жүрсің алдаспан,
Әйтекенің аруағы қолдаған!

Көлгір сөзді асырмаған басынан,
Күнін оның көрген емен жасыған.
Жанарына тура қарар жалғанның,
Әділеттің орын алып қасынан.

Ұмыттырар қасірет пен қайғыны,
Руханият-жан ағамның айдыны.
Әдебиет бола қалса әңгіме,
Асқақтап бір шыға келер айбыны.

Ұлылығын жазған көңіл-дәптерге,
Абай, Мұхтар — табынатын «құдайы».
Жан-жүрегі жабырқаған сәттерде,
Мұқағали жырын оқыр ұдайы.

Басына кеп қонғаннан соң азат-құт,
Асыл жанға бір болмас па, бар ендік?!
Қарапайым болмысымен қазақтық,
Әдебиет жайын ұққан әлемдік!..

Еркін елдің ертеңі еді — бар уайым,
Ұлты үшін ол өзгеменен таласар.
Биіктікке табынады әрдайым,
Тау мінезді десем егер, жарасар.

Орын алып текті тұрған қатардан,
Туғаны жоқ тура биден бата алған.
Құлы болған темірдейін тәртіптің,
Жеке бастың қамы оған-жат арман.

Сөз сөйлеген талай топта алқалы,
Арқа елінің азаматы арқалы.
Әділдікке қарсы келсе әлдекім,
Шыдамының шыңырауын сарқады.

Ақылыңа жүгінемін — қаласам,
Тау секілді көрінесің қарасам.
Меңдік мақсат орындалар, егер де,
Тәліміңді сіңіруге жарасам!..

АРДАКҮРЕҢ – АРҚА ЕЛІНІҢ ТҰМАРЫ

Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері,
ақын Ғалым Жайлыбайға

Сары белдің сағымына оранып,
Сағыныш боп сарнап жетсем... шошыма!

Ғ.ЖАЙЛЫБАЙ

Қара өлең боп, қасиеті, құмары,
Аққу ары — әуел бастан сыңары.
Жыр елінің қанат біткен жүйрігі,
Ардакүрең. Арқа елінің тұмары.

«Жүрегінде-бар әлемнің ауыры,
Жыр елінде-қара өлеңнің дауылы».
Аппақ әлем алып ұшты арманын,
Адалдық боп әлімсақтан — бауыры.

Арманды айтып арайлаған таңға мың,
Салған жанға бар әлемнің салмағын.
Ақын деген-ең ерекше жаратқан
Пеңделері Алланың.

Заһар-заман ойда-дағы таңдайын,
Жүрер әр кез ең бақытты жандайын.
Қуанышты берсең-дағы қабымен,
Жабығудан жалықпаған әрдайым.

Шартарапқа шашыратты ол сан ұшқын,
Қылпылдаған наркескені-намыстың,
Ақын деген ақ самалы әлемнің,
...және елшісі қара жер мен ғарыштың.

Тектілік боп-тірегі,
Сұлулық боп көңілінің нұр-емі.
Ізгілікке тұрады да үздігіп,
Өлең десе елжіреді жүрегі.

Қанып ішіп ұлы өнердің бұлағын,
Бойын билеп содан кейін бір ағын.
Тамылжыған таң нұрынан қуат ап,
Маздатады мәйін мақам шырағын.

Көңіліне мұң қондырса қара түн,
Қағады да күмістейін қанатын.
Арзу айтып ақ зерленген әлемге,
Сезімдінің көбейтеді санатын.

Шер-тірліктің айналғанда шығыры,
Күрең күннің естілгенде күбірі.
Алып шығар аярлықтан Алашын,
Тұлпар-ақын тұяғының дубірі!



БІР ҚҰДІРЕТ ШАШЫЛАДЫ ШЫҒЫСТАН...

(Талантты сазгер Кентау НАЗАРБЕККЕ)

Тар айрықта қалмайтұғын тосылып,
Ұлылары ұл-қызымен ұғысқан.
...Атқан таңның арайымен қосылып,
Бір құдірет шашылады шығыстан.

Нұр төгеді бар әлемге — бәріне,
Ең жанашыр, қайырымды жандайын.
Жер-ананың манаураған әлі де
Шуағымен сипайды кеп маңдайын.

Содан кейін дархан-мінез даланы
Желпіп өтіп,
шық тағынған жусанын.
Өбеді де, кезеді кеп қаланы,
«Барсакелмес» аттанады мұң-сағым.

Жігіттерге намыс берген азық қып,
Тыныштықтан таланыма ұйып құт.
Аруларға сыйлап сосын нәзіктік,
Болмысыма ұсынады биіктік.

Кесірліктен қашып кеткен жыраққа,
Қайта оралып бойымызға ерен құт.
Бұла сезім сыйлайды да бұлаққа,
Теңіздерге сыйлайды ол тереңдік.

Аялайды ақ арманның бүршігін,
Шуақ болып тарап бойға шапағат.
Күбірлейді құлағыма тылсым үн:
-Бар әлемде болсын мәңгі махаббат!..

Айтшы, білсең,
Сол құдірет есімін,
Қасиеттің қанаты еді қандай жан?
...Бейбіт күннің баяу тербеп бесігін,
Тыныштықты сүйетін кеп маңдайдан.

...Досым едің жаратылған асылдан,
Әсемдік ол-әуен екен!
Ұғып өт!
Бар әлемге шуақ болып шашылған,
Не десеңіз, құдірет?!

Киелі өнер текті жанға сенеді,
Ақ шұғыла күткен аппақ таңдардан.
Кентау еді ол!
Әдемі әуен кені еді,
Құдіреті-әуелеген ән болған.

Әндері бар, пәк махаббат жайында,
«Келші, менің жаныма...» деп шақырған.
Жарық дүние қасиетін пайымдап,
Сезімдердің алау-таңын атырған.

Жастанған жан Мұқағали жырларын,
Киесі оның тұла-бойын кернеген.
Музасына айтып аппақ сырларын,
Тәтті үмітті ұзақ таңға тербеген.

Арман-мұрат- «Бір бәйтерек, бір шынар»,
Тұтам-тірлік қасиетін ұқтырған.
Ұлы өнерге қашаннан-ақ ұмсынар,
Кең даланың жанарына шық тұнған.

Сан сүрінген, сүрлеу таппай адасқан,
Халықпыз ғой, бағалысын кеш ұғар.

Ақ жауындай ақтарылып, Алашқа
«Мені ізде» деп, айта білсе-несі бар?!

Ізде оны!
Түсініп қал қадірін,
Толғау үні тоқсан түрлі тірлікте.
Әндерінен тамып кеткен тағылым,
Мына бес күн тірлігіңе-бір нүкте!

Ізде оны!
Қайта оралсын қаз легі,
Қарт қуансын, қырда жүрген қамығып.
Мына өмірде жоғалтқаның аз ба еді,
Аңғалдықтың ақ тозаңын жамылып?

Қыл пернесін басып әр кез көңілдің,
Өнер деп ол, әуен деп ол күн кешкен.
Ән іздеген ырғағынан өмірдің,
Тылсым үнді табиғатпен тілдескен.

Дархандығы даласына тең келген,
Бәйтеректей жемісі көп, мәуелі.
Айдындағы аққудайын тербелген,
Қазағының Кентауының әуені.

БИКЕШКЕ

Көктемдегі қызғалдақтай құлпырған,
Жанарыңа жаһандағы нұр тұнған.
Ақ жүзіңе Ай қызығып көктегі,
Талай жігіт сұқтанады сыртыңнан.

Жүрегіңнен төгілгендей мейірім,
Аппақ қарға ұқсайды екен пейілің.

Айналаңа шуақ шашып әрдайым,
Бағындырдың ізгіліктің биігін.

Көпке бұрдың көңіліңнің арнасын,
Ал, еңбекте қашаннан-ақ алдасың.
Қазақ қызы бойындағы қасиет,
Тапқан екен Сенде ізгі жалғасын.

Бүгін сені құттықтайды шартарап,
Неге жүрсің сезіміңді қалқалап?
Әпақ арман болып жүрсің, бикеш-ау,
Мың жігіттің ақ үмітін арқалап?!

ҚАРАСАЗҒА ТАМЫП КЕТКЕН ҚАРА ӨЛЕҢ (Мұқағали рухына)

Сезіміне салып дархан дала дем,
Жырға жерік болған кезде бар әлем.
Қамкөңілдеу Хантәңірі көгінен,
Қарасазға тамып кеткен қара өлең.

Ала бауыр тіршіліктің айт емін,
Қандауырмен тілгілейді...
Қайтемін?
Алшы түсіп, алшаң басар ақынды,
Торына алды тәйке-мұң...

Жүрегінің жібімейтін сызы боп,
Тағдырының тәттісінен тұзы көп.
Шырылдады шерлі кеуде қарлығаш,
Өлең-үйін жайлағанда қызыл от...

Қонып өлең...
Толып ерен жанына,
Ақ тілегін айтты арманның таңына.
Шаттығының шағаласы қайда әлгі,
Сұрқай тірлік тиіп болды шамына.

Көңілінің құлақ күйі-мың бұрау,
Қақпақылға түскен ғұмыр...
Мұңдылау.
Өзгелер жүр өркөкірек, өзімшіл,
Өлең қонған ақындікі-түнжырау.

Шабыттанып, десе-дағы шырқайын,
Амал қанша...
Теріс туып тұрса айың.
Қара түнде қара өлеңге шағынды,
Таңғы үмітін кешке жерлеп күн сайын.

Жан үгіліп жанарының жасынан,
Қасірет кеп шықпай қойды қасынан.
Өкініштен өртенгенде өзегі,
Өлең оның сипады кеп басынан.

Көңілімнің қыл пернесін қозғашы,
Мұқағали — музам менің, сөз басы.
Тереземді қағып тұрған тамшылар,
Қара өлеңнің емес пе екен көз жасы...

БОСАҒАДА ҚАРА ӨЛЕҢ ЖЫЛАП ТҰРДЫ...

(Ф.Оңғарсынованың асыл бейнесіне)

Тірнек-тірлік тырбантып сан асуға,
Күн батуда , әлі де таң атуда.
Сен кеткелі жолы боп қасіреттің,
Қасиеттің балтырын қанатуда.

Жердегіні зар қылып елесіңе,
Мініп кеттің мәңгілік кемесіне.
Атыраудың толқыны аһ ұрады,
Түскенде сен есіне.

Суық сөз кезіп бір сәт қырат-қырды,
Қасіретке бар әлем құлақ түрді.
Сен өмірден өткенде
Өкініштен
Босағада қара өлең жылап тұрды.

Қамап алып жан-жақтан қалың құрдым,
Өксігін-ай, сондағы жалын жырдың.
Өзің жоқта кеудесін керіп жүрген
Бойкүйездің түр-түсін, әлін білдім.

Мұнар мұңға жетелеп саналыны,
Тұлпарлардың басылды сан арыны.
Қырылдайды көл жақта аққу үні,
Қалтырайды қыр жақта дала гүлі.

Іннен шыққан «ібіліс» керіп кеуде,
Есі шыққан ел соған еліктеуде.
Қасиеттің сарайы күлдібадам,
Қасіреттің қақпасы беріктеу де.

...Тексіздіктің торысын тұсадың да,
Берілмедің ешқашан құса-мұңға.
Сен өлеңді жүрекпен әдиледің,
Өлең сені тербетті құшағыңда.

Өмір осы алды — бақ, соңы — мұңды,
Қоңторғайдай күйге сап көңілімді.
Сен өлді деп ойламан тіршілікте,
Өлең сенің жалғайды өміріңді...

САХНАДАН ЖЕЛ СОҒАДЫ ЫЗҒАРЛЫ...

(Театр сыншысы Әшірбек Сығайдың рухына)

Алашынан алды ақыры ғасыр кек:
Өтті өмірден сырбаз сыншы Әшірбек.
Ардақты ерден айырылып, аңырап,
Тигендейін маңдайыма жасын дөп.

Ерен ерім, театрға күнес ед,
(Өмір — өлім өзектіге бір есеп).
Ұран ұлы кеткен кезде көкке ұшып,
Руханият тұрып қалды сүлесоқ.

Адымыңды ащы жаспен тұсаған,
Ауыр не бар құсадан?
Театрдың тарландары құлақ сап,
Айтқаныңнан алатұғын күш әман.

Талғамыңмен тым биік,
Ойлар айттың терең әрі тұңғиық.
Талай білгір сенің айтқандарыңа,
Басын үнсіз тұрды иіп.

Жауһар терген жан едің-ау тереңнен,
Еңбегің бар қазағыңа еленген.
Ұлтына әр кез ұпай салған саңлақты,
Жеткізе алсам жөн болар ед өлеңмен.

Серік еттің жаныңа тек ізгі арды,
Тәубе делік,
Артта соқпақ, із қалды.
Бірақ, бірақ...
Қабырғасы күйреген
Сахнадан жел соғады ызғарлы...

Алашының алып кеткен сой ұлын,
Көрдiк бiздер қатал тағдыр ойынын.
«Өмiр» атты сынға толы сахнада,
Жүрiп жатыр мұңға толы қойылым...

АЛАШ КӨП КҮРСІНІП... (Фариза Оңғарсынованың рухына)

Өлең, мен сені аялап өтем...
Ф.ОҢҒАРСЫНОВА

I

Асқақ еді тұлғаңыз, асқақ еді,
Қиялымды қияға бастап еді.
Мың шық тұнып сезімнің сеңгіріне,
Тұншықтырып кеттіңіз жасқа мені.

Жаным күйіп жауапсыз сұрақтардан,
Оңашада өксігем, жылап та алғам.
Қыздан көріп (сізді айтам) қайсарлықты,
Қайтадан қуаттанғам.

Шындық осы, сен жалғыз, мен де жалғыз,
(Табылмайды дертіме емге жалбыз).
Қара өлеңнің бел асты қара нары,
Артыңда — біз, парықсыз пенде бармыз.

Толып тұрар жүрегі сырға керім,
Тірлігінде өтетін жырлап елін.
Көк аспаннан құлайтын қия тасқа,
Қазақ қызы... осындай тұлға ма едің?!

Серік емес мұң менен нала кімге,
Ұмсынамын көктегі дара күнге.
Қаламымнан төгіліп қаралы жыр,
Мен отырмын қадалып қара түнге.

Тексіздердің бұрылмай таласына,
Жүректердің емдедің жарасын, ә...
Найзағай боп тілгілеп қара бұлтты,
Ақ жауын боп төгілдің Алашыңа.

Кепіл болшы, кер-тірлік тозбасына.
Ит ұлыды.
Көрінсін өз басына!
Әй...түбі мен өлермін, сірә-дағы,
Қара өлеңнің тұншығып көз жасына...

II

«Көк тәңірім»-деп табынған санама,
Ақ таңдақтар ізі қалған далама.
Қасым жыры ма едің,
Абыздан қалған кеме едің.
өкпек соққан өмірге,
жарым болған көңілге,
Демеу берген сен едің!
Алашыңа бағы аздау,
Сен асқар — шың, бел едің!

... Арысым-ай,
Ғайып болып кетеріңе сенді кім,
Паң дүние-ай!
Кімге керек кеңдігің?
Қаламыңнан сан төгілген шеріңді,
Қалай ғана көтеріп тұр жер бүгін?

Басыңнан бақ, еліңнен тақ ауыпты,
Көк төбемнен жауһар жырлар жауыпты.
Бәрінен де өмір емес өлшенген,
Алашыңның тағдыры еді қауіпті.

Хабар беріп келешектен келер күн,
Жырларыңа басымды иіп келем мың.
Тағдырыңды тарантасқа жектің де,
Биігі боп қалдың мәңгі өлеңнің!

III

Адалдыққа тұратын жан үздігіп,
Жүрегінде бар әлемге ізгілік.
Кесірліктің көріп қалса кебінін,
Найзағайға айналады қыз-қылық.

Ұлы өнерге сағынышым ерен мың,
Жырыңды оқып, сел сезімге бөлендім.
Пенделіктің пәрәнжасын сыпырдың,
Өрге біткен шынарындай өлеңнің.

Жаудан бетер тиетұғын жырыңды,
Тіліп түсер наркескенге ұрынды.
Өзегіңді өртер кетсе қайғы-мұң,
Өлеңге айттың құпияңды, сырыңды.

Қасиетіне басымды ием қазақтың,
Аққулы елдің ақ тілегі ғажап тым.

Ақынына ақ шуағын төгеді,
Аспанымда күлімдеген ғажап күн.

Күмбірлеп күй, шырқалғанмен сал әні,
Әлі де ашық айдаһардың араны.
Найза болып қадала бер кесірге,
Фаризадай дара ақынның қаламы!..

ҚОРҒАЙ ЖҮРШІ РУХЫҢНЫҢ ҚЫЛЫШЫМЕН! (Жәнібек батыр рухына)

Замананың соққанда долы желі,
Ұранындай ұлыстың болып едің.
Айға да айтып, атыңды ұлықтауда,
Жарасым жағасына қонып елің.

Тер саулатып тұлпардың терлігінен,
Дұшпандардан қорғадың елді кілең.
Бердәулеттің баласы ең туған кезде,
Ел баласы боп кеттің ерлігіңмен.

Жүректерді толқытып жатады өлең,
Ер жігітті көгертер бата дер ем.
Қазыбектің баулыған көк бөрісі,
Абылайдың батыры атағы ерен.

Ерлігіңді туған ел қалағанда,
Не арман бар, қажетке жарағанда?!
Жауды көрсең жалаңдап, дара шаптың,
Қылышыңды боядың қара қанға.

Биік қойған бәрінен ел намысын,
Сүйсінді Алаш есітіп ер дабысын.

Ерлігіңе халқыңның махаббаты —
Ескерткішің — еліңе ең нар мүсін!

Ұлылыққа беттесең ұлысыңмен,
Қасиеттің бойыңа нұры сіңген.
Қайта қонған айдыңға аққу-елді,
Қорғай жүрші, рухыңның қылышымен!

АҒЫП ТҮСКЕН ЖҰЛДЫЗДАЙ ЕҢ КӨКТЕГІ...

(Самат Әбдіразақұлының асыл бейнесіне)

Өмір-осы, алды-бақыт, арты-мұң,
Тектілерге «сыйға» берген салқынын.
Күңіренді кең даласы қазақтың,
Қайғысына ортақ болып халқының.

Ерте үзіліп самат бауыр салған ән,
Сұм ажалдың қанаты бір талмаған.
аунап кетіп аспандағы жарық ай,
Күн тұтылып қалай ғана қалмаған?!)

Жасын төгіп осы күні көк тәңір,
Кеуде керді пендесіне ноқта-өмір.
Пәни-тірлік — жолға шыққан жолаушы,
Бақилыққа ешбір талас жоқ кәміл.

Сегіз өрім сабындай боп қамшының,
Өмір-өлім.
Бір-біріне қарсы ұғым.
Ел айтуда есіл ердің қадірін,
Жел айтуда арзу күннің жан сырын.

Сұм ажалдың нарқы өскенге сатылап,
Аһ ұрады, шашын жұлып атырап.
Сырласынан көп күн өтті, көз жазып
Сағыныштан сарғайыпты жапырақ.

Деуші едің ғой «арың үшін екілен»,
Адалдықтың ақ үйіне бекіп ең.
Тау-аталар қаусап қалып қайғыдан,
Жасын сұртті сәлдесінің шетімен.

Көңілдердің ерте кетіп көктемі,
Өктемдіктің жанды уатып өкпегі.
Мәңгіліктің мекеніне бет алып,
Ағып түсті жарық жұлдыз көктегі.

Шұғыласын шашса-дағы әр ақ таң,
қатал тағдыр, тақтасына қаратқан.
Топырағың торқа болсын, есіл ер,
Кейінгіге ғұмыр берсін жаратқан!



МАЗМҰНЫ

ЖАНЫМА ЖЫЛЫ АҒЫСТАР

Ұлытаудың қызымын, Ұлытаудың.....	4
Өлеңім өмір-өркенім	5
«Өмір осы, алды — жөн, соңы — мұңды...»	6
Ұлы Абай жат қазір қоғамға	7
Дала мені құшағыңа ал... ..	9
Қарт сөзі	10
Ұрпағына болса деймін аманат!.....	11
Қазақ қызының портреті	12
Оғыланды отқа сап отыз жеті... ..	13
Оралмасын қырық бір	14
Жер шері	15
Тәуелсіздікпен тілдесу	16
Осы біздің киелі, қараша ауыл.....	18
Құлыныңмын мен әлі, сүйікті елім.....	19
Жалына жармастым шындықтың	21
Тектілікке серік бол	22
Қарағанды — құт мекені даламның	25
Тектілердің тұғырлы жер-мекені.....	25
Заманымның тынысы	25
«Жалғыздықтың жанарын сүртер едім...» ..	26
Майдангер музасы	27
Қарсы алады Наурызды біздің ауыл.....	29
Ой-хой Көктем!	30
Әннен таптым әдемі әлем бесігін... ..	31
Ақ шағала	33
Көңілімде менің бір мұң бар.....	33
Періште сәби жүрегі	34
Көбелек	35
Қанталапай тағдырыңды кім ұқты? ..	35
Жапырақ	36
Балалықтың ауылына барғым кеп... ..	36
Түсіме енді жиі менің	38
Шағала үміт жалт берді-ау!.....	39

АҚИҚАТ АЛАҢЫНДА

Өлеңменен өзектескен өмір бұл.....	41
Әділқазылар маршы	43
Атазаңым-айбарым	43
Төле би-төбе би	45
Асыл үні Абайдың	46
Өкініш немесе айыпталушының соңғы сөзі...	47
Жәнібектің монологы	48
Желтоқсаным, жетгің маған кие боп... ..	50
Адалдықтың ақ бесігі - жер-ана.....	51
Ақырет аралы (баллада)	55
Жетімге жасалған қамқорлық	59

СЕЗІМ ИІРІМДЕРІ

Махаббат жайлы монолог	64
Ә-ға	65
Сырыңды ұғып жанымен	66
Осы ғана айыбым	68
Әліппесін қайтадан ежіктедім	69
Өлең, саған тағы айтам барлығын	70
Аққу құсың түр әрең... ..	71
Талғажәу ғып жүрмін әлі төзімді	72
Сол сәтте мен бақытпен түйіскем	73
Тірлік — ай тұзы басым	74
Бұлақ күнім барады сайға кетіп... ..	75
Бақытыма бұрыш қосқан өмірге	76
Ада болған есіме	77
Бір қайыққа міндік екен несіне?	77
Саябақ	79
Сен бе екенсің?	79
Білші, жаным	81
Кім енді бұған айыпты?	82
Жаныма медеу бірақ	83
Көктемгі хат	84

Көктем келіп қағып түр тереземді	85
Керемет пе осындай жаратылыс	86
Ойлап тапты осынау сағатты кім?	87
Сезімнің жылытшы шоғыменен... ..	88
Сыйлаған ғажап өзіме гүлің	89
Сені ойлаудан жалықпадым	90
...Тек жүрсем бұлай етпесем	91
Суретіңмен тілдесіп	92
Аққу көрдім түсімде... ..	93
Көзімнің жасын ұрладың	94
Аққулар	94
Сенің мұңың өз мұңымнан жақын-ақ	95
Өміріме қызықпағын жарай ма?	96
Сен болдың ұраным	97
Тастай алман жыртып мен	98
Жыр-сезім	99
Қақпаңды ашшы, келешек!.....	100
Мұң сыйладың мөп-мөлдір	101
Торыққанда тауға асықтым	102
Ұсынар ма екенсің?.. ..	103
Кілтті жоғалтып алдым. Кешір	104
Көшірмесі менде екен	105

ЖҮРЕКТЕГІ ЖАЗУЛАР

Сенен қалған мейрімнің сандығы	108
Ұлағаттың діңгегі	109
Ертегіңді жүрмін әлі сағынып	110
Борыш	111
«Ана» деген құдіретті танып ал!.. ..	111
Ар теңізін бетке алған кеме едіңдер	113
Өздеріңмен сырласам	115
Білесің бе, жан жарым?	116
Ұлым Шахмарданға	116
Қарақатқа — қызыма	117

АРНАУ АСУЫНДА

Екі ауыз сөз айтатын ер құнына	120
Бір ағам бар ел сенімін ақтаған	122
Әділдікті етіп жүрсің алдаспан	124
Ардакүрең — арқа елінің тұмары	126
Бір құдірет шашылады шығыстан... ..	128
Бикешке	130
Қарасазға тамып кеткен қара өлең	131
Босағада қара өлең жылап тұрды... ..	133
Сахнадан жел соғады ызғарлы... ..	134
Алаш көгі күрсініп... ..	135
Қорғай жүрші рухыңның қылышымен!	138
Ағып түскен жұлдыздай ең көктегі... ..	139

Алма түсіпбекова

ЖАНАРЫМДАҒЫ ЖАЗУЛАР

Редакторы: Ф. Қалибекұлы
Техникалық редакторы: Н. Әділбаева
Көркемдеуші редакторы: А. Манапов

Форматы: 84x108 ¹/₁₆ Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Academy.kz».

Баспа табағы 9.

Таралымы 1000.

Тапсырыс №89.



Алма
ТҮСПБЕКОВА

Жанарымдағы жазулар

